

**ОРХУСС КОНВЕНЦИЯСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА**

Тарап	Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	
<i>Қызметкердің тегі және қызметі</i>	Бекнияз Болат Қабыкеноұлы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Орнықты даму және ғылыми-аналитикалық қамтамасыз ету Департаментінің директоры
<i>Пошталық мекен-жайы:</i>	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, сол жағалау, Министрліктер Үйі, 14-кіреберіс
<i>Телефон:</i>	+7 7172 740059
<i>Факс:</i>	+7 7172 740878
<i>Электрондық поштаның мекен-жайы:</i>	b_bekniyazov@moos.kz
Ұлттық баяндама мәселелері жөніндегі байланыс ұстаушы қызметкер (егер бөгде адам болса):	
<i>Мекеменің толық атауы:</i>	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
<i>Қызметкердің тегі және қызметі:</i>	Асатов Амангелді Болатайұлы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орнықты даму және ғылыми-аналитикалық қамтамасыз ету Департамент директорының орынбасары
<i>Пошталық мекен-жайы:</i>	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, сол жағалау, Министрліктер Үйі, 14-кіреберіс
<i>Телефон:</i>	+7 7172 740846
<i>Факс:</i>	+7 7172 740846
<i>Электрондық поштаның мекен-жайы:</i>	sapa_kz@mail.ru

Баяндаманы дайындағанда қандай мемлекеттік органдармен кеңес жүргізілді немесе оны дайындауда қандай мемлекеттік органдар үлес қосты және жұртшылықпен кеңес қалай жүргізілді, сонымен бірге осы кеңестер нәтижелері қалай ескерілді, баяндаманы дайындау үшін оның негізі ретінде қандай материалдар пайдаланылғаны жөнінде қысқаша ақпарат беріңіз.

Жауап:

Осы Ұлттық баяндама, негізінен «Қазақстан Республикасында Орхусс Конвенциясын іске асыру жөніндегі» ұлттық баяндаманы алғаш рет ұсынғаннан, яғни 2004 жылғы 15 желтоқсаннан 2007 жылғы 15 желтоқсан аралығында қабылданған шаралар және орын алған оқиғалар туралы мәліметтерді қосады.

2007 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі қабылданды, онда Орхусс Конвенциясы Тараптарының Екінші Кеңесінің II/5а Шешімінің ұлттық табиғат қорғау заңнамасын Орхусс Конвенциясының талаптарымен үйлестіру жөніндегі ұсынымдары толығымен ескерілген.

Қазақстан Республикасымен ратификацияланған 24 халықаралық конвенциялардың 19-ы Экологиялық кодексте ескерілген, бұл оған қоршаған ортаны қорғау саласындағы жалпылай қабылданған халықаралық нормаларға сәйкес келетін

құжаттың сипатын береді. Экологиялық кодексті әзірлеуге Қазақстаннан және шет елдерден жетекші ғалымдар және мамандар, алты қазақстандық ҒЗИ және ғылыми орталықтар, Экология, адам және табиғат қауіпсіздігі ғылымдарының халықаралық академиясы, Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі ұйымның Экологиялық директорының өкілдері, Ұлыбританияның, Данияның, Эстонияның, Латвияның, Ресейдің, Чехияның және басқа елдердің сарапшылары қатысты. Экологиялық кодекс жұртышылықтың ұсынымдарын ескерумен әзірленген. Экологиялық кодекс жобасын талқылау бойынша жұртышылық тыңдаулар екі рет ұйымдастырылған, ғылыми-құқықтық және мемлекеттік экологиялық сараптама өткізілген.

«Қазақстан Республикасымен Орхусс Конвенциясын жүзеге асыру туралы» ұлттық баяндаманы жобасын жазуға концептуалды тәсіл жөніндегі жұртышылық тыңдаулардың ұсынымдарын талқылау және енгізу мақсатында Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 17 қазандағы № 306 бұйрығымен өзінің құрамына әртүрлі мүдделі тараптардың өкілдерін, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) өкілдерін қосатын Жұмысшы топ құрылды. Ұлттық баяндаманың жобасына арнаулы сауалдар бойынша РҚ Жоғарғы Сотынан, ҚР Бас прокуратурасынан, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитетінен және аумақтық басқармаларынан, сондай-ақ, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің, ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, сондай-ақ қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың веб-сайттарынан алынған ақпараттың үлкен көлемі енгізілген. Ұлттық баяндама заңнаманың тиісті актілерін, бағдарламалық құжаттарды, жоспарларды, декларацияларды, жеке сот істерінің, семинарлардың және тренингтердің материалдарын талдау негізінде дайындалды.

2007 жылғы 26 қарашада жұртышылық талқылау үшін ұлттық баяндама жобасының мәтіні Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің www.nature.kz веб-сайтында орналастырылған болатын.

2007 жылғы 28 қарашада ұлттық баяндаманың жобасы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің жанындағы Қоғамдық экологиялық кеңестің отырысында талқыланған болатын. Талқылауға республиканың жетекші эколог ғалымдары, елдің 100-ден астам табиғатты қорғау ҮЕҰ-ын біріктіретін Қазақстан Республикасының «Қоғамдық ұйымдардың экологиялық форумының» (ЭкоФорум), сондай-ақ Орнықты даму үшін табиғат пайдаланушылардың Қазақстандық Ассоциациясының (ОДТПҚА) өкілдері және басқалары қатысты.

Баяндаманы түсіну үшін маңызды бар кез келген нақты деректерді хабарлаңдар, мысал, шешім қабылдаудың жекелеген немесе орталықтан тыс бір тетігі бар ма, Конвенция күшіне енген соң оның ережелерінің тікелей әсері бар ма және Конвенцияны (факультативті) жүзеге асыру үшін қаржылық қиындықтар елеулі бөгет бола ма?

Жауап:

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабындағы 3-тармаққа сәйкес ратификацияланған халықаралық келісім болып табылатын Орхусс Конвенциясы Қазақстан Республикасының заңдары алдында басымдылыққа ие және оның ережелері және нормалары тікелей қолданылады. Осы Ұлттық баяндама, негізінен «Қазақстан Республикасында Орхусс Конвенциясын іске асыру жөніндегі» ұлттық баяндаманы алғаш рет ұсынған уақыт аралығында қабылданған шаралар және орын алған оқиғалар туралы мәліметтерді қосады. Алайда, кейбір жағдайларда неғұрлым ерте заңнамалық және өзге

нормативтік құқықтық актілер аталып өтіледі, себебі олар Қазақстанда Конвенцияның ережелерін және нормаларын іске асыру мәселелеріне тікелей қатынасқа ие.

Орхусс Конвенцияны жүзеге асыру үшін қаржылық мәселелер қиындықтар туғызбайды.

3-бап

3 Баптың 2, 3, 4, 7 және 8 бөлімдерінің жалпы ережелерін жүзеге асырудағы нормалық және басқа шараларда атаңыз.

Осы бөлімдер ережелері қалай жүзеге асырылатын түсіндіріңіз. Оның ішінде келесі:

а) **2 бөлімге қатысты** - Әрбір тарап лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдардың жұртшылыққа көмек көрсетуін және ақпарат алуда, оның шешімдер қабылдау процесіне қатысуын жеңілдетуде оған бағдар беруін қамтамасыз етуге ұмтылады.

б) **3 бөлімге қатысты** - Әрбір тарап экологиялық ағартуға және қоршаған орта туралы, әсіресе ақпарат алуға, шешімдер қабылдау процесіне қатысуға және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізуге қатысты жұртшылықтың хабардарлық деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

с) **4 бөлімге қатысты** - Әрбір тарап қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесуші бірлестіктердің, ұйымдардың немесе топтардың тиісінше танылуын қамтамасыз етеді және оларға тиісті қолдау көрсетеді және өзінің ұлттық құқықтық жүйесінің осы міндеттемеге сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

д) **7 бөлімге қатысты** - Әрбір тарап қоршаған ортаға қатысты шешімдер қабылдауын халықаралық принциптеріне және қоршаған ортаға қатысты мәселелерде халықаралық ұйымдар шеңберінде осы конвенцияның қолданылуына жәрдемдеседі.

е) **8 бөлімге қатысты** - Әрбір тарап осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес өз құқықтарын жүзеге асыратын адамдар өз қызметі үшін жазаға, қуғындауға және кез келген қысымға ұшырамауын қамтамасыз етеді. Осы ереже ұлттық соттардың сот шығындарына байланысты ақылға сыйымды шығыстарды жабу туралы қаулы шығару өкілеттігін қозғамайды.

Жауап:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Жарлығымен қабылданған Экологиялық кодексте тұрғындардың экологиялық ақпаратқа қол жетімдігі және оның экологиялық проблемаларды шешуге қатысуы Қазақстан Республикасының Орнықты дамуының базалық қағидаттарының бірі ретінде анықталған. Солайша, Экологиялық кодекстің «Экологиялық ақпарат» 21-тарауында субъектілердің экологиялық ақпаратты ұсынуға, оны ұсыну мерзімдеріне және тәртібіне қатысты құқықтары және міндеттері туралы ереже бар. Экологиялық кодекстің 165-бабындағы 4-тармаққа сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделіп отырған шаруашылық қызмет бойынша шешімдерді қабылдау үдеріне жатқызылатын экологиялық ақпаратқа қол жеткізу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте жүзеге асырылады. Осы тәртіп Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы № 135-ө бұйрығымен бекітілген және Қазақстан

Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген **Жұртышылық тыңдауларды өткізу ережесімен реттеледі.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 Жарлығымен мақұлданған 2007-2024 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы азаматтық қоғамның дамуын мына жолдармен қарастырады:

- орнықты дамуға көшуді қамтамасыз ету үдерісінде жұртышылықтың рөлін күшейту;
- халықтың ақпаратқа қол жетімділігін кеңейту;
- «Электрондық үкіметті» дамыту;
- табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау салаларында мемлекеттік басқару мақсатында қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды әзірлеу және дамыту.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мақұлданған 2004-2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында халықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуі және экологиялық проблемаларды шешудегі жұртышылық қатысуы Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігі базалық қағидаттарының бірі ретінде анықталады. Бұл ретте, Тұжырымдаманың 4.3.3-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдардың алдына нақты міндет – экологиялық ақпаратқа жұртышылықтың тиісті қол жетімдігін қамтамасыз ету және ұсынылатын материалдардың сапасын, жеделдігін және өзектілігін жоғарылату жөніндегі шараларды қабылдау қойылған.

Орхусс Конвенциясы Тараптарының Екінші Кеңесінде қабылданған «Қазақстанмен Орхусс конвенциясы бойынша өзінің міндеттемелерін сақтау» II/5a шешімін орындау үшін «Қазақстанның Қағымдық ұйымдарының экологиялық форумы» ҮЕҰ ОБСЕ қолдауы кезінде **Жұртышылық тыңдауларды өткізу, сондай-ақ қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау кезінде жұртышылық қатысудың өзге нысандарын қолдану жөніндегі ақпараттық-анықтамалық нұсқама** әзірлеген және Қоршаған ортаны қорғау министрімен келістірген. Осы нұсқаулықта Орхусс конвенциясының жұртышылық қатысу бойынша талаптарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және қоршаған ортаға әсерді бағалау саласындағы құрылған халықаралық практиканы ескерумен жұртышылық тыңдауларды шешімдерді қабылдау үдерісінің басынан оның аяғына дейін өткізу жөніндегі практикалық ұсынымдар берілген.

Қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік және табиғат пайдалану салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды және ұсынымдарды әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жанында **Қоғамдық экологиялық кеңес** құрылған. Ғалымдардың, ҮЕҰ өкілдерінің қоғамдық қайраткерлердің Қоғамдық экологиялық кеңестің жұмысына қатысуы қабылданатын шешімдер мен ұсынымдарда жұртышылық пікірді есептеу, үшін қосымша мүмкіндіктерді ашады, табиғатты қорғау сипатындағы бағдарламалық құжаттарда қарастырылған іс-шараларды уақытылы және сапалы іске асыруға, сондай-ақ ақпаратты таратуды дамытуға және ынталандыруға және жұртышылықтың пікір айтуына, азаматтық белсенділікті арттыруға ықпал етеді.

Қазақстанмен экологиялық ағартудың қолдауы және жұртышылықтың ақпараттау деңгейін көтеру жөніндегі шараларды қабылдауға қатысты **Экологиялық Кодекстің 181-бабындағы 1-тармаққа сәйкес экологиялық білім беру мен ағартудың мақсаты орнықты даму қағидаттарына негізделген азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымын және қоғамда экологиялық мәдениетті құрастыру болып табылатынын атап өткен жөн.** Қоғамдағы экологиялық ағарту саласындағы сектораралық ынтымақтастық және ведомствоаралық өзара әрекеттестік Экологиялық Кодекстің 182-бабындағы 2-тармаққа

сәйкес білім беру ұйымдарының, ғылыми және қоғамдық бірлестіктер жанында.

Сонымен бірге, **Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 Жарлығымен мақұлданған 2007-2024 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тұжырымдамасында білім беру және ғылым жүйелері Қазақстан Республикасында орнықты дамудың мақсаттары мен қағидаттарына сәйкес келетіндігі белгіленген.** Тұжырымдама экологиялық білім беру және ғылым жүйесінің негізгі міндеті ретінде – экологиялық негізделген шешімдерді қабылдау және табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес әрекет ету, сондай-ақ нысаналы өндірістік сұлбалар жергілікті жағдайларға бейімделген технологияларға, қоршаған ортаны қалпына келтіру технологияларына негізделу үшін технологиялық институттарды құру ептіліктерін көздейтін мінез құлық стереотиптерін азаматтарда құрастыруды, дамытуды және бекітуді анықтайды.

Экологиялық кодекстің 181-бабына сәйкес экологиялық білім беру, экологиялық ағарту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мамандардың біліктілігін көтеру Қазақстан Республикасында орнықты даму үшін білім беру жүйесінің бөлігі ретінде дамиды. **Министрлікпен 2007 жылғы сәуірде Білім және ғылым министрлігіне экологиялық білім беруді жетілдіру және орнықты даму үшін білім берудің Қазақстан Республикасының білім берудің жалпы жүйесіне қозғалуы жөніндегі ұсыныстар жолданған,** жекелегенде, экология мәселелерін орнықты дамумен өзара байланыста негұрлым кен зерттеу үшін ЖОО-ны барлық мамандықтарының ЖББП (жалпы білім беру пәндері) блогына 1 кредит көлеміндегі «Экология» пәнінің орнына 5 кредит көлеміндегі «Экология және орнықты даму» пәнін қосу және 050608 бакалавриат мамандығының «Экология» атауын «Экология және орнықты дамуға» өзгерту ұсынылған.

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен 19 жоғарғы оқу орындарымен Өзара сенімділік және ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылған. Меморандумға қол қою экологиялық білім беруді әрі қарай дамыту және экологиялық ағартудың деңгейін көтеру жөніндегі практикалық шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдарды құру, тіркеу, қызметі және салық салу мәселелерін реттейтін заңнама елде Орхусс Конвенциясын ратификациялағанға дейін едәуір бұрын қабылданған болатын.

Қазақстан Республикасының азаматтық қоғам институттарын және азаматтық бастамаларды дамыту мақсатында **Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі № 154 Жарлығымен Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасына сәйкес әзірленген 2006-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы қабылданды.**

Тұжырымдаманы іске асыру оған республикалық және жергілікті бюджеттен 1 млрд. 259 млн. теңге (10 млн. АҚШ долларына жуық) көлемде қаржыландыру бөлінген, **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қыркүйектегі № 953 қаулысымен бекітілген 2006-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылуда.** Жоспар Қазақстан заңнамасын азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін, оның ішінде мәдениет, білім беру, экология, денсаулық сақтау, **ақпарат**, әлеуметтік қамтамасыз ету, экономика, гендерлік теңдік, тұрғын үй саясаты, жергілікті өзіндік басқару салаларында қамтамасыз ету бөлігінде жетілдіру тетіктерін, сондай-ақ **үкіметтік емес секторға қолдау көрсету тетіктерін** қосады.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, демократизацияның негізгі қағидаттарын – азаматтық қоғам институттарын құрастыруды және жұртшылықты заңнамалық базаны әзірлеуге кең тартуды ұстана отырып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін экология саласында қамтамасыз ету бөлігінде заңнаманы жетілдіруді

жүргізеді, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі барлық дерлік арнайы заңдарға азаматтар мен экологиялық ҮЕҰ құқықтары туралы баптар қосылған.

Орхусс Конвенциясының, Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдау тұжырымдамасының ережелерін іске асыру мақсатында, сондай-ақ **Экологиялық кодекстің 135-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бақылау жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау саласындағы 179 қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бақылауды жүзеге асырып жатыр.** Қоғамдық бірлестіктер Қазақстанның экологиялық ахуалын жақсарту, сондай-ақ экологиялық тәрбие беруді және ағартуды насихаттау жөніндегі бірлескен іс-шараларды өткізуге тартылады.

Үкіметтік емес секторды, оның мемлекеттік органдармен конструктивті өзара әрекеттесуін дамыту мақсатында **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы № 1262 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттесу жөніндегі үйлестірушілік кеңес құрылды.** Министрлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттесу жөніндегі үйлестірушілік кеңестің отырыстарына белсенді қатысады.

ҮЕҰ әзірленіп жатқан мемлекеттік стратегиялардың, бағдарламалардың және жоспарлардың экологиялық салдарын бағалау рәсіміне кең тартылады. **Солайша, Министрлікпен, 2007 жылғы 1-жартыжылдықта мыналар секілді ірі жобалардың мемлекеттік экологиялық сараптамаларын өткізген кезде жұртышылық тыңдауларға ҮЕҰ өкілдері тартылды:**

- **««Маржан» учаскесінде теңіздік мұнай операцияларының қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау (Алдын ала ҚОӘБ)»;**
- **««Обухов кенорының титан-мырыш рудаларын өңдеу бойынша байыту фабрикасы» жұмысшы жобасына қоршаған ортаға әсерін бағалау»;**
- **«Андаш мыс-алтын рудалы кенорының өндірудің қоршаған ортаға әсерін бағалау»;**
- **««Қарағанды қаласында металлдық кремнийді өндіру жөніндегі жобалық қуаты 25,8 мың тонна бірінші кезекті зауытты салу» шаруашылық қызметінің Алдын ала ҚОӘБ»;**

Мемлекетпен үкіметтік емес ұйымдарды тануға және қолдау көрсетуге бағытталған шаралар ретінде **Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың және елдің барлық өңірлерінен үкіметтік емес ұйымдардан делегаттардың қатысуымен өткізілген 2005 жылы II-інші, ал 2007 жылы III-інші Азаматтық форумдарды және ҚР Ақпараттандыру министрлігімен өткізілген Мемлекеттік қолдау үшін коммерциялық емес ұйымдардың әлеуметті маңызды жобаларын таңдау жөніндегі ашық конкурсты атап өткен жөн.**

ҮЕҰ қоршаған ортаны қорғауға қатысуының мәселелері жоғарыда аталған екі іс-шара шеңберінде көрінісін тапты. Солайша, экологиялық бағыттағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыру Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен **«Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету» 001 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылған. 2006 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде экологиялық ҮЕҰ арасында жалпы сомасы 10 млн. 700 мың теңгеге 6 жұмыс орындалды:**

- **Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өңірлік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға жұртышылықтың қатысуы;**
- **Азаматтардың және үкіметтік емес ұйымдардың қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне қатысуын ұйымдастыру жөніндегі регламент жобасын дайындау;**
- **БҰҰ Шөлейттенумен күрес жөніндегі конвенциясы шеңберінде жергілікті қауымдастықтардың қажеттіліктерін PRA әдісі бойынша бағалау;**
- **Халықты Картахена хаттамасының мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру; Қазақстан Республикасы қауіпсіздігінің ұлттық жүйесін құруда жұртышылықтың қатысуы;**

- Жер пайдаланушылар тарапынан жерлердің азып-тозуын төмендету (әкімшілік-құқықтық және экономикалық) тетіктерін құру жөніндегі ұсыныстарды әкімдіктердің, облыс басқармаларының, ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің, фермерлердің, аң шаруашылықтарының, ҮЕҰ, БАҚ қатысуымен дайындау;

- ООЛ (орнықты органикалық ластағыштар) туралы Стокгольм конвенциясы; халықтың ООЛ туралы хабардар болуын арттыру; ООЛ-мен күресу жөніндегі ең жақсы тәсілдер, жұртшылықтың ООЛ-мен күресу жөніндегі әрекеттерінің жергілікті шеңберлерін әзірлеу.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде экологиялық ҮЕҰ арасында 2007 жылы жалпы сомасы 10 млн. 700 мың теңгеге 4 жұмыс орындалды:

- Кәсіпорындардың ұлттық экологиялық рейтингтерін құрастыру;
- Қазақстан Республикасының экологиялық орнықты даму орталығының Щучье-Бурабай курорттық аймағындағы қызметінің концептуалдық бағыттарын әзірлеу;
- Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуі идеясын насихаттау;
- Қазақстан қалаларында «экологиялық патрульдердің» қызметін ұйымдастыру.

Осыған байланысты, экологиялық ҮЕҰ қызметін үйлестіру, экологиялық білімді насихаттау және экологиялық білім беру мәселелерін білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу мақсатында **Қоршаған ортаны қорғау министрлігінде экологиялық білім беру, насихаттау және ҮЕҰ-мен жұмыс істеу бөлімі құрылған.**

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық тетігі Экологиялық кодекстің 192-бабындағы 1-тармаққа сәйкес жүзеге асырылады, ол халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық және трансшекаралық рәсімдерге қатысуын қарастырады, оның ішінде: экологиялық ақпараттың деректерімен алмасу, халықаралық міндеттемелерді орындау туралы ұлттық баяндамаларды дайындау және ұсыну, арнайы уәкілеттендірілген халықаралық органмен өткізілетін халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерді сақтауды бағалау және тағы басқалары.

«Жеке және заңды тұлғалардың сауалдарын қарастыру тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III Заңының 15-бабы жеке тұлғаларды, оның ішінде заңды тұлғалардың мүддесі үшін шығатын тұлғаларды субъектілерге және лауазымды тұлғаларға сауал жолдауына байланысты қудалауды жазалауға және жеке және заңды тұлғалардың оны бергенге немесе оның мүддесінде ол берілген зиянды сауалына жол бермеуге көрсететінің атап өткен жөн. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 96-бабы және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 қаңтардағы № 123-III Заңының 1-бабындағы 40-тармақ негізделген арызды берген жеке тұлғаға зиянды арызды бергені үшін лауазымды тұлғаға қатысты әкімшілік айыппұлды қарастырады.

Тиісті веб сайттардың мекен-жайларын, егер олар бар болса, көрсетіңіздер:

Ұйымның атауы	Web-сайттардың мекен-жайлары
ҚР Үкіметі	www.government.kz
ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	www.nature.kz
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі	www.sana.gov.kz
ҚР қоғамдық ұйымдарының Экологиялық форумы	www.ecoforum.kz
Орнықты даму үшін Қазақстан табиғат пайдаланушыларының ассоциациясы (ОДҚТПА)	www.kap.kz

4-бап

Экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге байланысты 4 бап ережелерінің жүзеге асырылуы жөнінде заңды және басқа шараларды атаңдар.

4 баптың әрбір тармағының ережелерінің қалай жүзеге асырылып жатқандығын түсіндіріңіз. 2 баптағы және 3 баптың 9 тармағындағы дискриминацияның жоқ екендігі жөніндегі талапқа байланысты анықтамалардың ұлттық деңгейде қолданысы туралы айтыңыз. Одан басқа мыналарды көрсетіңіз:

- a) **1 тармаққа** қатысты – қаралған мәселелерді қамтамасыз ету үшін:
- (i) әрбір адам өзінің себебін айтпай-ақ ақпаратқа қолын жеткізе алуын;
 - (ii) сұраған ақпарат жөнінде мәліметі бар нақты құжаттың көшірмесі көрсетілуін;
 - (iii) ақпарат сұралған формада берілуін қамтамасыз ету;

b) **2 тармақта** қаралған мәселелерді қамтамасыз ету үшін қолданылған шаралар;

c) **3 және 4 тармақтарға** сай қарастырылған шаралар:

- (i) сұраныс бойынша ақпарат беруді тоқтату жөнінде нұсқау;
- (ii) 4 тармақ соңында айтылған жұртшылықтың қызығушылығы критерилерін қамтамасыз ету үшін;

d) **5 тармаққа** сай – сұралған ақпаратты білмейтін мемлекеттік орган тиісті шара көруін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін істер;

e) **6 тармаққа** сай – бар ақпаратты беруді талап етуді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге жеткізген шаралар;

f) **7 тармаққа** сай – ақпаратты беруден бас тарту көрсетілген мерзімде және осындай бас тартуларға қатысты басқа да жағдайларды сақтауды қамтамасыз ететін істер;

g) **8 тармаққа** сай – ақша төлеуді қажет ететін талаптардың сақталуын қадағалау үшін қабылданған шаралар.

Жауап:

Қазақстанда экологиялық ақпаратқа жұртшылық қол жеткізу туралы ережелерді іске асыру үшін негізді анықтайтын негізгі заңнамалық және нормативтік актілер Орхусс Конвенциясын ратификациялағанға дейін қабылданған болатын. Олар жұртшылықтың сұрастырылатын ақпаратты алуға құқығын және мемлекеттік органдардың және ұйымдардың беруге міндеттерін, ақпаратты ұсыну рәсімін және мерзімдерін реттейді, бас тарту үшін негіздерді және ақпаратты ұсынбағаны үшін жауаптылықты белгілейді. әрі қарай жетілдіруді экологиялық ақпаратты ұсыну жүйесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Жарлығымен Экологиялық кодексті қабылдаумен алды. Солайша, Экологиялық кодекстің «Экологиялық ақпарат» 21-тарауда субъектілердің экологиялық ақпаратты ұсынуға қатысты құқықтары және міндеттері, оны ұсыну мерзімдері және тәртібі бар. «Экологиялық ақпарат» түсінігі Экологиялық кодекстің 159-бабында анықталған және Орхусс Конвенциясының «экологиялық ақпарат»

анықтамасына сәйкес келеді. Осылайша, Қазақстан Республикасының заңнамасында Орхус Конвенциясының 4-бабындағы талаптар толық көрініс тапты.

Есепті кезеңде, Қазақстанда жоғарыда аталған ережелерді іске асыру жөніндегі негізгі күш-қуаттар мемлекеттік қызметшілердің экологиялық ақпаратқа келіп түсетін сауалдармен жұмыс тәжірибесін жақсартуға бағытталған. Осы мақсатта 2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасына сәйкес, экологиялық ақпаратқа, қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдерді қабылдауға тиісті қол жетімдікті қамтамасыз ету үшін **Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2005 жылғы 12 қыркүйектегі № 264-п бұйрығымен Экологиялық ақпарат орталығы құрылды және Экологиялық ақпаратты жинау, жүйелендіру, сақтау және тарату ережелері бекітілді.** Сонымен бірге, **Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 25 шілдедегі № 238-п бұйрығымен Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделін отырған шаруашылық және қызмет бойынша шешімдер қабылдау үдерісіне жататын экологиялық ақпаратқа қол жеткізу ережелері бекітілді.** Екі ереже де қазақстандық заңнаманың экологиялық ақпаратпен жұмыс жөніндегі функцияларды әртүрлі мемлекеттік органдар және ұйымдар арасында бөлудің тиісті талаптарын қосады, Орхус Конвенциясының 4-бабындағы барлық ережелерге жауап береді және оларды тура әсердегі нормалар ретінде іске асыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Президентімен азаматтардың ақпаратқа сауалдарын қарастыру және бақылау үшін орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда «виртуалды қабылдау бөлмелерін» құру және құжаттардың электрондық нысандарына қол жетімдікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қарастыратын **2005-2007 жылдарға арналған «электрондық үкіметті» құрастырудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілген.** «Ақпараттандыру туралы» **Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Заңының 29-бабы мемлекеттік органдармен өз бетінше немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы электрондық қызметтерді көрсетуді қарастырады.**

Экологиялық ақпаратты алуға сауалдарға қатысты жалпы статистикалық деректерді есептеу Қазақстанда жүргізілмейді. Тек Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің және Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің сандық деректерін келтіруге болады. 2006 жыл ішінде Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен экологиялық ақпаратқа азаматтардан 83 сауал, ал 2007 жылғы 9 ай ішінде 68 сауал алынған.

Жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа сауалдарын мемлекеттік органдармен қарастыру рәсімі және мерзімдері осы баптың 1-тармағында көрсетілгенді алып тастағанда, сұрастырылатын экологиялық ақпаратты ұсыну мерзімін сауалды алу күнінен бір айдан кеш емес белгілейтін **2007 жылғы Экологиялық кодекстің 165-бабындағы 2-тармақпен; «Жеке және заңды тұлғалардың сауалдарын қарастыру тәртібі туралы» Заңның 8-бабындағы 1- және 2-тармақтарымен және «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңмен реттеледі.** Қазақстандық заңнама мемлекеттік органдардың қосымша зерделеу мен тексеруді талап етпейтін ақпаратты сауалды алу күнінен 15 күннен кеш емес, ал қосымша зерделеу мен тексеруді талап ететін ақпаратты 30 күннен кеш емесе ұсыну міндетін белгілейді. Осы мерзімдерді сақтауды қамтамасыз ету үшін сауалдар арнайы журналдарда тіркеледі және одан тек қана оны қарастыру туралы белгіленген нысандағы құжаттың (қызметтік жазба, анықтама) негізінде мемлекеттік орган басшысының немесе оның орынбасарының шешімі бойынша алынуы мүмкін бақылауға қойылады.

Жұртшылық, Экологиялық кодекстің 164-бабына сәйкес, экологиялық ақпаратты, егер оны басқа нысанда ұсынуға негіздеме болмаса, сұрастырылатын нысанда алуға құқығы бар. Егер жауапты ұсыну нысаны сауалда анықталмаған болса, «Әкімшілік рәсімдер туралы» **Қазақстан Республикасының 2000 жылғы Заңының 16-бабындағы 4-тармаққа сәйкес**

мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалар жауапты жазбаша түрде, ал «Жеке және заңды тұлғалардың сауалдарын қарастыру тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы Заңының 15-бабындағы 4-тармаққа сәйкес жазбаша түрде немесе электрондық құжат түрінде ұсынуға міндетті.

Жұртышылықтың экологиялық ақпаратқа қол жетімдігінен бас тартуға Экологиялық Кодекстің 167-бабына сәйкес мына жағдайларда жол беріледі:

- егер сауал жалпы түрде құралған және өтініш берушімен сұрастырылып отырған мәліметтерді және деректерді анықтауға мүмкіндік бермейтін болса;
- сұрастырылатын ақпарат жоқ болса;
- сауал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектеулі қол жетімді мәліметтерге және деректерге жатқызылатын болса.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Экологиялық кодексінің 167-бабындағы 3-тармаққа сәйкес экологиялық ақпаратты ұсынудан бас тартқан кезде мемлекеттік орган бас тарту үшін себептерді мен негіздерді көрсетумен жазбаша түрде жауап беруі тиісті.

Сауалдарды қарастыруға міндетті талаптар жоспарында, «Жеке және заңды тұлғалардың сауалдарын қарастыру тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы заңының 5-бабына сәйкес, жасырынды сауалдар және мәселенің мәні көрсетілмеген сауалдар қарастыруға жатпайды.

Сауал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектеулі қол жетімді мәліметтері мен деректеріне жатқызылатын жағдайларда ақпаратты ұсынудан бас тарту үшін негіздемелер Азаматтық кодекспен (коммерциялық құпия және интеллектуалдық меншіктің құқығын қорғау), Қылмыстық-процессуалдық кодекспен (жедел-іздеу қызметінің, тергеу және алдын ала тергеу құпиясы), «Ақпараттандыру туралы» Заңмен (жеке өмірдің қол сұғылмауының бұзушылық, және басқалары) және кейбір басқа заңдармен белгіленеді.

2007 жылғы Экологиялық кодекстің 165-бабындағы 4-тармаққа сәйкес сұрастырылатын экологиялық ақпаратқа ие емес мемлекеттік орган құзыретті мемлекеттік органға заңнамамен белгіленген мерзімде сауал қайта жолдайды. «Жеке және заңды тұлғалардың сауалдарын қарастыру тәртібі туралы» ҚР 2007 жылғы Заңының 7-бабындағы 6-тармақ олардың құзыретіне сауалда қойылған мәселелерді шешу кіретін тиісті субъектілерге сауалдарды үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде қайта жолдауды және өтініш берушіге бұны хабарлауды талап етеді.

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Заңының 14-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар Қазақстанда жалпы қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізу құқығына ие. Бұдан өзге, жеке және заңды тұлғалардың экологиялық ақпаратты алуға құқығы туралы арнайы ережелер 2007 жылғы Экологиялық кодекстің 163- және 164-баптарында, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану саласындағы басқа нормативтік-құқықтық құжаттардың қатарында бекітілген. Бұл құқық тек қана Қазақстанның азаматтарына емес, азаматтығы жоқ тұлғаларға және шетел азаматтарына да таңылады. Бұл ретте азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық ақпаратқа сауалдарын қарастыру міндеті тек мемлекеттік органдарға да, мемлекеттік ұйымдарға да белгіленеді.

Экологиялық ақпаратты ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Экологиялық кодексінің 166-бабындағы 1-тармаққа сәйкес ақпаратты көшіруге, іздестіруге және дайындауға нақты шығындардан аспайтын төлем алынуы мүмкін. Төлем экологиялық ақпаратты мемлекеттік органның жалпы қолжетімді

электрондық тіркелімнің және экологиялық ақпарат кадастрының көмегімен ұсынғаны үшін алынбайды. Алайда, жеке коммерциялық, мемлекеттік емес кәсіпорындар басқа мемлекеттік органдарға және мемлекеттік емес тұтынушыларға төлемнің жоғарғы ставкаларын белгілей отырып, мемлекеттік органдардың шектеулі шеңберіне экологиялық ақпаратты ұсынатын оқиғалар орын алады.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Экологиялық кодексінің 166-бабындағы 3-тармаққа сәйкес мемлекеттік органдармен экологиялық ақпаратты жалпы қолжетімді электрондық тіркелімнің және экологиялық ақпарат кадастрының көмегімен ұсыну тегін жүзеге асырылады.

Халықтың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратқа қол жетімдігін кеңейту, сондай-ақ ақпараттық қызметті дамыту мақсатында Министрлік Қазақстан Республикасы қоғамдық ұйымдарының экологиялық форумы (ЭкоФорум), Орнықты даму үшін табиғат пайдаланушылардың Қазақстандық ассоциациясы (ОДТПҚА), Орталық Азияның Өңірлік экологиялық орталығы (ОАӨЭО) және басқа секілді қоғамдық және үкіметтік емес табиғат қорғау ұйымдарымен тығыз жұмыс істейді. **ҮЕҰ ішінде ерекше орынды 100-ден астам ҮЕҰ біріктіретін Қазақстан Республикасы қоғамдық ұйымдарының экологиялық форумы алады, олардың өкілдері министрлікпен өткізілетін барлық іс-шараларға қатысады. ЭкоФорум өкілдері Қазақстан Республикасының орнықты даму кеңесінің, «2024 жылға дейін орнықты даму мақсатында Қазақстан Республикасының энергиясын және қайта жаңартылатын ресурстарын тиімді пайдалану» стратегиясының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмысшы топтың құрамына кіреді.**

Экологиялық ҮЕҰ өкілдері Министрліктің Редакциялық-баспа кеңесінің құрамына кіреді.

Тиісті веб сайттардың мекен-жайларын, егер олар бар болса, көрсетіңіздер:

Ұйымдардың атаулары	Web-сайттардың мекен-жайлары
ҚР «Электрондық Үкіметі»	www.e.gov.kz
ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	www.nature.kz
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі	www.sana.gov.kz
ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігі	www.aic.gov.kz
Астанадағы ОБСЕ орталығы	www.osce.org/astana/
Алматыдағы ОБСЕ орталығы	www.osce.org/almaty/
Орталық Азияның Өңірлік экологиялық орталығы	www.carec.kz

5-бап

5 Бап ережелерінің экологиялық ақпаратты жинаумен таратуға қатысты заңды, нормативті және басқа шараларын атаңыз.

5 баптың әр тармағының ережелері қалай жүзеге асырылуында екенін түсіндіріңіз. Қажетті анықтамалар ұлттық деңгейде қалай қолданылуда екенін (2 бап және 3 баптың 9 тармағы бойынша да) көрсетуді сұраймыз. Одан басқа мыналарды көрсетіңіз:

- а) **1 тармаққа** қатысты – қаралған мәселелерді қамтамасыз ету үшін:
- (i) мемлекеттік органдар экологиялық ақпаратқа ие және оны жаңартып отырды;

- (ii) мемлекеттік органдарға түсуге ақпараттар түсуі қамтамасыз етілді;
- (iii) төтенше жағдайда қажетті ақпарат кешіктірілмей тез таратылды;

- b) **2 тармаққа** қатысты – мемлекеттік органдармен экологиялық ақпараттардың жұртшылыққа берілуі және экологиялық ақпаратпен қамтамасыз етуге қол жеткізу үшін шаралар қаралды;
- c) **3 тармаққа** қатысты – жалпыға ортақ байланыс желісі арқылы электрондық қор деректерінің экологиялық мәселеге байланысты жинақталуын қамтамасыз ету шаралары қабылданды;
- d) **4 тармаққа** қатысты – қоршаған орта жағдайы жөнінде баяндамалардың жарық көруін (басылып шығуын) қамтамасыз ету шаралары қаралды;
- e) **5 тармақта** айтылған ақпараттарды тарату үшін шаралар қабылданды;
- f) **6 тармаққа** қатысты – жұртшылыққа олардың іс-әрекеттері мен сыртқа шығарған өнімдері жөнінде үнемі ақпарат беріп отырған операторлар жұмысын ынталандыру үшін жүргізілген шара;
- g) **7 тармаққа** сәйкес талап етілетін, ақпаратты таратудағы шаралар қабылданды;
- h) **8 тармаққа** сәйкес – тағам жөнінде жұртшылыққа ақпарат беруді қамтамасыз етудің механизмдерін жасауды жүргізу шаралары;
- i) **9 тармаққа** сәйкес – ластану кадастрлары мен реестірдің жалпы ұлттық жүйесін жасау үшін шаралар көру.

Жауап:

Қазақстанда экологиялық ақпаратты орталықтандырылған жинау, есептеу және сақтау, Экологиялық кодекстің 161-бабына сәйкес, Экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорымен жүзеге асырылады. Экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорының құрамына экологиялық ақпараттың мына түрлері кіреді:

- табиғат ресурстарының кадастрлары;
- ластағыштар шығарындылардың және тасымалдау тіркелімдері және экологиялық ақпараттың өзге тіркелімдері;
- экологиялық қауіпті өндірістердің тізбесі;
- экологиялық мониторингтің деректері;
- жоспарланып отырған қызметтің тапсырыс берушісінің келісімінен қоршаған ортаға әсерді бағалау және мемлекеттік экологиялық сараптама материалдары;
- қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттар және басқалары.

Бұл міндетті орындауды қамтамасыз ету үшін жеке және заңды тұлғалар заңнамамен белгіленген жағдайларда мемлекеттік органдарға құжатталған ақпаратты және электрондық құжаттарды қоса, қажетті мәліметтерді ұсынуға міндетті. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Экологиялық кодексінің 166-бабына сәйкес, мемлекеттік органның экологиялық ақпаратты жалпы қолжетімді электрондық тіркелімнің және экологиялық ақпарат кадастрының көмегімен ұсыну тегін жүзеге асырылады. Бұл іс-шаралар Орхусс Конвенциясының 5-бабындағы 1- және

2-тармақтарды іске асыруға бағытталған.

Үкіметпен бекітілген «2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қоршаған ортасын қорғау» бағдарламасына сәйкес қазіргі заманғы техникалық мүмкіндіктер негізінде Қоршаған ортаны қорғаудың біріңғай ақпараттық жүйесін құру көзделген. Бұл мақсатта, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2005 жылғы 12 қыркүйектегі № 264-п бұйрығымен Ақпараттық талдау орталығы базасында (АТО) Экологиялық ақпарат орталығы құрылған және Экологиялық ақпаратты, оның ішінде электрондық тасығыштарда жинау, жүйелендіру, сақтау және тарату ережесі бекітілген. Бұл шығындарға республикалық бюджеттен 86,1 млн. теңге (662 мың долларға жуық) сомасында қаржыландыру көзделген. 2007 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 238-п бұйрығымен Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және көзделіп отырған шаруашылық немесе өзге қызмет бойынша шешімдерді қабылдау үдерісіне жататын экологиялық ақпаратқа қол жеткізу ережесі бекітілді. Жоғарыда аталған ереже экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету және жеңілдету үшін әзірленген және оларда Орхусс Конвенциясының 5-бабындағы 1-3-тармақтарымен қарастырылған талаптар іске асырылған. Дәлірек айтқанда, құзыретті мемлекеттік органдардың экологиялық ақпараттың маңызды көздерін, оның ішінде электрондық нысанда құрастыру және толықтыру міндеті көрсетілген және мемлекеттік органдар арасында табиғат ресурстары мониторингінің және кадастрларының деректерімен еркін алмасу үшін және жұртшылықтың бұл деректерге қол жеткізу үшін шарттар анықталған.

ҚР Президентінің Жарлығымен 2005-2007 жылдарға арналған «электрондық үкіметті» құрастырудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілген. Осы бағдарламаны іске асыру жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық базаларына қол жетімдігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін қарастырады. «Ақпараттандыру туралы» ҚР 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 217 Заңының 29-бабына сәйкес мемлекеттік органдар электрондық қызметтерді өз бетінше немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталдары арқылы көрсетеді.

Экологиялық кодекстің 160-бабындағы 5-тармаққа сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдар олардың құзыретіне сәйкес Интернетте орналастыру немесе өзге жалпы қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану арқылы экологиялық ақпараттың мына түрлерін таратады:

- қоршаған ортаның жсай-күйі туралы ақпарат;
- қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің және халықаралық шарттардың жобалары және мәтіндері;
- мемлекеттік саясатқа қатысты құжаттардың, қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалардың және жоспарлардың жобалары және мәтіндегі;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылаулық-инспекциялық және құқық қолдану қызметтің нәтижелері бойынша есептер;
- электрондық үкіметтің қоршаған ортаны қорғау саласындағы базалық қызметтер тізбесіне жатқызылған ақпарат.

Экологиялық ақпаратты тарату үшін мемлекеттік органдар жеке тұлғаларды және заңды тұлғаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте тарта алады.

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің веб-сайтында қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану саласындағы заңнама және бағдарламалық құжаттар, халықаралық конвенциялар және келісімдер жөніндегі ақпараттардың жеткілікті үлкен көлемі ұсынылған. Экологиялық кодекстің 192-бабындағы 1-тармаққа сәйкес Министрлікпен халықаралық міндеттемелерді орындау

туралы ұлттық баяндамалар әзірленіп және кең талқылауға ұсынылып жатыр. Веб-сайттың ресурстарында **Министрдің Интернет беті, Қазақстанның көпшілік облыстары бойынша қоршаған ортаның жай-күйі туралы Ұлттық баяндамалардың және баяндамалардың бөлімі бар**, себебі бұл ақпаратты тарату Орхусс Конвенциясының 5-бабындағы 3-5-тармақтарының талаптары болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2006 жылғы 12 маусымдағы бұйрығымен «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі іс-шаралардың Желілік кестесін» енгізумен жарияланатын экологиялық ақпаратты жүйелендіру және талдау жүзеге асырылуда. 2006 жылғы екінші жартыжылдықта бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) барлығы 2299, оның ішінде: теледидар мен радиода – 770, газеттер мен журналдарда – 1529 іс-шара жарияланды. 2006 жылғы қарашадан бастап Министрліктің ақпараттық қолдауымен «Эколог» газеті шығарылады. 2007 жылғы бірінші жартыжылдықта БАҚ-та Қоршаған ортаны қорғау министрлігі аумақтық басқармаларының қызметі кең жарияланған. Солайша, Республикалық теледидар арналарында – 115, Облыстық теледидар арналарында - 394 телебағдарлама өткен. Республикалық прессаның басылымдарында – 1205 мақала, облыстық және жергілікті газеттерде – 1482 мақала, Республикалық және облыстық радио арналарында – 194 бағдарлама, Интернеттің ақпараттық агенттіктерінде – 89 іс-шара жарияланған. БАҚ-та барлығы 3479 іс-шара жарияланған. Мемлекеттік органдармен Желілік кестені орындау жөніндегі ақпарат Министрлік веб-сайтының беттеріне жүйелі шығарылады.

Тамаққа генетикалық модификацияланған объектілерді (ГМО) және биологиялық белсенді қоспаларды қосуға **«Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 301 Заңының 12-бабындағы 5-тармаққа сәйкес** тек, оны өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын, олардың қауіпсіздігін ғылыми растаудан және олардың мемлекеттік тіркеуін өткізгеннен кейін жол беріледі, ал **34-бапқа сәйкес ГМО-ның қауіпсіздігін ғылым негізделген растауын белгілегенге дейін тамақ өнімінде олардың тамақ өніміндегі құрамының Еуропа одағы елдерінде белгіленгеннен жоғары емес деңгейі қабылданады.** Бұдан өзге, **«Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Заңының 17-бабына сәйкес тамақ өнімдерінің таңбалауына тамаққа тамақтық, азықтық биологиялық белсенді қоспалардың және ГМО-ның бар болуы туралы ақпаратты қосу туралы заңнамалық талап** белгіленген, бұл экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді едәуір жеңілдетеді және Орхусс Конвенциясының 5-бабындағы 6-8-тармақтарымен қарастырылған талаптарды іске асырады. Сонымен бірге, **«Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 170 Заңының 14-бабындағы 1-тармақпен** мемлекеттік органдардан және ұйымдардан қоршаған ортаның жай-күйін қоса, денсаулыққа әсерін тигізетін факторлар, туралы шынайы ақпараттарды тегін алу реттеледі.

Есеп беру кезеңінде қоршаған орта мүдделерін ескере отырып, негізделген таңдауды жүзеге асыру мүмкіндігі мақсатында жұртышылыққа ақпаратты ұсыну тетіктері әзірленген. Солайша, **Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы № 204-п бұйрығымен Жоспар алдындағы, жоспарлық, жоба алдындағы және жобалық құжаттаманы әзірлеген кезде көзделіп отырған шаруашылық немесе өзге қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды өткізу жөніндегі нұсқаулық бекітілген.** Мемлекеттік органдарды, мүдделі жеке және заңды тұлғаларды қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге қатысты технологиялық, экономикалық, құқықтық және басқа шешімдерді бағалау, болжау, әзірлеу сондай-ақ қалдықтардың жалпы мемлекеттік кешенді есебін жүргізу үшін ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында

Экологиялық кодекстің 153-бабындағы 1-тармаққа сәйкес Қалдықтардың мемлекеттік кадастры жүргізіледі. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізудің негізгі міндеті жалпы мемлекеттік, өңірлік және салалық ақпараттық-сараптамалық жүйелерін қалдықтар, сипаттамалары және оларды қайта өңдеу технологиялары жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл іс-шаралар Орхусс Конвенциясының 5-бабындағы 7-9-тармақтарды орындау мақсатында жүзеге асырылған.

Тиісті веб сайттардың мекен-жайларын, егер олар бар болса, көрсетіңіздер:

Мемлекеттік биліктің орталық органдарының веб-сайттары

Мемлекеттік органның атауы	Web-сайттардың мекен-жайлары
ҚР Президенті	www.president.kz
ҚР Парламенті	www.parlam.kz
ҚР Үкіметі	www.government.kz
ҚР «Электрондық Үкіметі»	www.e.gov.kz
ҚР Бас прокуратурасы	www.procuror.kz
ҚР Ішкі істер министрлігі	www.mvd.kz
ҚР Денсаулық сақтау министрлігі	www.minzdrav.kz
ҚР Білім және ғылым министрлігі	www.edu.gov.kz
ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	www.nature.kz
ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі	www.minagri.kz
ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі	www.emer.kz
ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі	www.minplan.kz
ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі	www.memr.gov.kz
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі	www.sana.gov.kz
ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігі	www.auzr.kz
ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігі	www.aic.gov.kz
ҚР Статистика агенттігі	www.stat.kz

6-бап

Жұршылықтың нақты бір шаруаны шешуде араласуына қатысты 6 бап ережелерін жүзеге асыру үшін заңды, нормативті және басқа шараларды атаңыз.

6 баптың әрбір тармағы ережелері қалай жүзеге асырылуда екенін түсіндіріңіз.

6 баптың әр тармағының ережелері қалай жүзеге асырылуыда екенін түсіндіріңіз. Қажетті анықтамалар ұлттық деңгейде қалай қолданылуда екенін (2 бап және 3 баптың 9 тармағы бойынша да) көрсетуді сұраймыз. Одан басқа мыналарды көрсетіңіз:

- а) 1 тармаққа қатысты – қаралған мәселелерді қамтамасыз ету үшін:**
- (i) Конвенцияға I қосымшада аталып көрсетілгендей 6 бап ережелері жоспарланған әрекеттерді өткізуге рұқсат берудің дұрыстығы шешуге қатысты қолданылды;
 - (ii) бап ережелері I қосымшада аталып көрсетілмеген қоршаған ортаға едәуір әсер етуі мүмкін ұсынылған жұмыстар түрлерін шешуде қолданылды;

- b) **2 тармақта** келтірілген мәселелерге байланысты экологиялық шешім қабылдау жұмысының бастапқы кезеңінде барабар, уақытылы және пәрменді түрде, қажет еткен жұртшылықты ақпараттандыруды қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар;
- c) жұртшылықтың қатысу жұмысы белгіленген мерзімде өтіп **3 тармақ** талаптарына жауап беруін қамтамасыз ету шаралары;
- d) **4 тармаққа** қатысты – жұртшылықтың қатысуын ерте кезеңде қамтамасыз етуді беретін шаралар;
- e) **5 тармаққа** қатысты – рұқсат алуға тапсырыс бергенге дейін анық тапсырыс берушілерді мадақтау үшін шара көру, ол тапсырыстарының мақсатына сәйкес ақпараттарды беру үшін сол жұртшылықпен талдау өткізу.
- f) **6 тармаққа** қатысты – қаралған мәселелерді қамтамасыз ету үшін:
 - (i) жұртшылықтың қатысу жұмысы қарсаңында қолда бар 6 бапта көрсетілген, шешім қабылдау үрдісіне қатысты барлық ақпаратты құзырлы мемлекеттік органдар беруі тиіс;
 - (ii) аталған тармақта көрсетілген жұртшылыққа қажет ақпаратты құзырлы органдардың беруі;
- g) **7 тармаққа** қатысты – жұртшылықтың қатысу жұмыстары оларға жоспарланған іс-әрекетке қатысы бар кезде ескерту, талдау немесе пікір ашуға мүмкіндік туғызатындай жағдайды қамтамасыз ету;
- h) **8 тармаққа** қатысты – шешім қабылдауда жұртшылықтың қатысуының нәтижесі ескерілуін қамтамасыз ететін шешімдер;
- i) **9 тармаққа** қатысты – осы бар жұмыстарға қатысты шешім қабылданғанын кешіктірмей жұртшылыққа хабарлау шаралары;
- j) **10 тармаққа** қатысты – 1 тармақта айтылған жұмыс жағдайларын мемлекеттік органдар қайта қарап немесе жаңартудың қамтамасыз ету және 2-9 тармақ ережелері егер олар орынды болса қажетті өзгерістермен пайдалануын қамтамасыз ету шаралары;
- k) **11 тармаққа** қатысты – қоршаған ортаға генетикалық өзгертілген ағзаларды әдейі шығаруға рұқсат беруге байланысты 6 бап ережелерінің пайдалануын қамтамасыз ету.

Жауап:

Қазақстан Республикасында нақты қызмет түрлері бойынша шешім қабылдауға қатысу жөніндегі Орхус Конвенциясының баптарына талаптар қоршаған ортаға ықпалдың бағалау рәсімінен өтетін барлық шаруашылық және де өзге қызметтердің барлық жобаларына қолданылады.

Солай Қазақстанда қоршаған ортаға және халық денсаулығына жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық және өзге де қызметті іске асырудың мүмкін болатын теріс салдарын белгілеу және шектеу, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 45 және 46-баптарының талаптарына сәйкес экономикалық даму және

қоршаған ортаны қорғау мүдделерінің теңгерімдігін қадағалау мақсатында 2007 жылдан мемлекеттік және қоғамдық экологиялық сараптама жүргізілуде. Экологиялық кодекстің 1-3 және 57-тармақтарының талаптарына сәйкес барлық мүдделі азаматтарға және қоғамдық ұйымдарға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде өз пікірін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу Экологиялық кодекстің 17-бабындағы 28-тармағына және 49-бабындағы 2-тармағына сәйкес әзірленген және **Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы № 207 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу ережесімен»** регламенттеледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың ашықтығы және шешімдерді қабылдауда халықтың қолжетімдігі Жұртышылық тыңдалымдар өткізу арқылы жүзеге асырылады. Жұртышылық тыңдалымдар Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 07 мамырдағы № 135 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 30 мамырдағы № 4687 тіркелген) бекітілген **Жұртышылық тыңдалымдарды өткізу ережесіне сәйкес өткізіледі. Сонымен бірге қоршаған ортаны қорғау органдарымен тыңдалымдар шарттары мен өткізу мерзімдеріне келісу қажет. Ережеге сәйкес жұртышылық тыңдалымдарды өткізу тәртібін мерзімді, мүдделі тұлғаларды, ақпарат және кеңес алуға болатын орындар, халықты ақпараттандыру (жазбаша ұсыныстар, халық сауалнамасы) тәсілдерін белгілеуге тиісті қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті орган белгілейді.**

Азаматтар өмір және денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қоғамдық мүдделерді қадағалау мақсатында Экологиялық кодекстің 60-бабына сәйкес кез келген шаруашылық және өзге қызметті қарастыратын **қоғамдық экологиялық сараптама жүргізіледі.** Қоғамдық экологиялық сараптаманы қоғамдық экологиялық сараптама объектісін іске асыру салдарына мүдделі жеке тұлғалар немесе қоғамдық ұйымдар бастамашы бола алады. **Жоспарланатын қызметтің тапсырысшысы Экологиялық кодекстің 67-бабына сәйкес қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысын алған күннен бастап бір ай ішінде онда қамтылған тұжырымдар мен ұсынымдарды қарауға және өзінің түсіндірмелерін мемлекеттік экологиялық сараптама органына және қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушыға жіберуге міндетті.** Орхусс Конвенциясы 6-бабының талаптарын, Қазақстан Республикасы ҰЕҰ мемлекеттік қолдау тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, сондай-ақ Экологиялық кодекстің 135-бабына сәйкес **Қазақстан Республикасы аумағында қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бақылау жүзеге асады.** Аталған іс-шара Орхусс Конвенциясының 6-бабындағы 1-9-тармақтарында қарастырылған барлық талаптарды іске асырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласында орталық атқару органдарымен және оның аумақтық басқармалармен жергілікті атқару органдарының лауазымды тұлғаларының қызметіне бақылауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілеу мақсатында **Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 24 мамырдағы № 160 бұйрығымен «Экологиялық сараптама саласында жергілікті атқару органдарының қызметіне бақылауды жүзеге асыру ережесі»** бекітілді. Ереже мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімімен мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысында экологиялық заңнаманы қатаң бұзушылық айқындалған жағдайда Жергілікті органдардың сараптамалық бөлімшелеріне жоспардан тыс тексеруді регламенттейді. Жоспардан тыс тексерістерді жергілікті өкілетті немесе атқару органдары, қоғамдық ұйымдар, сот және прокуратура органдары бастамашылық ете алады.

Орхусс Конвенциясының 6-бабының Қазақстанда қолдану аясын бұдан әрі кеңейтіп **Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы жаңа Жоспар алды, жоспарлы, жоба алды және жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде қоршаған ортаға жоспарланатын шаруашылық және өзге де қызметтің әсерін бағалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың № 204-п бұйрығымен қабылданумен болды. Аталған нормативтік-құқықтық құжаттың 8-бөліміндегі 51-тармағы қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімі шеңберінде жұртышылықтың міндетті қатысу қағидасын белгілейді. Ал бұл Қазақстанда қоршаған ортаға әсерді бағалау қарастырылатын қызметтің кез келген түрі бойынша шешімдер Орхусс Конвенциясының 6-бабының талаптарын міндетті қадағалау талаптарымен қабылдануы қажет. Аталған ереже 6-бап ұлттық заңнамаға сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімі шеңберінде қарастырылатын жұртышылықтың қатысуы қарастырылатын жағдайда Конвенцияның I Қосымшасы 20-тармағының мазмұнынан шығады.**

Жоғарыда аталған 2007 жылғы Нұсқаулықтың қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі 8-бөлімі 52-тармағы қоршаған ортаға әсерді бағалауда (ҚОӘБ) жұртышылықтың қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырыс берушінің міндетін егжей-тегжейлі белгілейді. Нақтылағанда бұлар:

- өткізілетін қоғамдық тыңдаулар жөніндегі ақпаратты БАҚ-да сәйкес және уақытылы ұсыныстарға,
- жоспарланатын қызметті жұртышылықпен талқылауды өткізу, ҚОӘБ материалдарға қолжетімдікті қамтамасыз ету,
- жұртышылық тыңдалымдарды өткізу және жазбаша түрде ескертулер мен ұсыныстарды ұсыну үшін мүмкіндіктерге қатысты.

Жалпы қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі Нұсқаулық Орхусс Конвенциясының 6-бабындағы 2-7-тармағының талаптарын іске асыруға бағытталған ережелерді қосады.

Жоспарланатын қызметтің тапсырыс берушіден ҚОӘБ-тың бастапқы дайындық сатысында жұртышылықты ақпараттауды ұйымдастыру талап етіледі. **ҚОӘБ жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес жоғары экологиялық қауіптілігі бар шаруашылық және өзге де қызмет объектілері айқындалған жағдайда жоспарланатын қызмет жөнінде жұртышылықты міндетті ақпараттау БАҚ, ақпараттық парақтар, плакаттар, өзге де ақпараттық материалдарды жоспарланатын қызмет аудандардың көрнекті жерлерінде орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Мүдделі жұртышылыққа шешімдерді қабылдау үдерісіне қатысты барлық қажетті ақпаратты ұсынуға жауапкершілікті, Нұсқаулық, жоспарланатын қызметтің тапсырыс берушісіне жүктейді. Тапсырыс беруші ресми түрде жұртышылық тыңдалым өткізу кезінде ҚОӘБ материалдарын құзіретті мемлекеттік органдарға беруге міндетті. Сонымен бірге мүдделі жұртышылыққа зерделеу үшін белгіленген міндетті ақпараттар тізбесі Орхусс Конвенциясының 6-бабындағы 6-тармағының талаптарын айқындайды. Орхусс Конвенциясының 6-бабындағы 10-тармағына қатысты қоғамдық қатысулар жөніндегі Нұсқаулық ережелері кеңейту, қайта жаңарту, кәсіпорындардың, объектілердің, кешендердің техникалық қайта жарақтану жобаларына қоршаған ортаға әсерді бағалау өткізуде жатады.**

Жекелеген жағдайда жұртышылық тыңдауларға тапсырыс берушілермен белгіленген экологиялық ҮЕҰ шақырылады, ал едәуір мүдделі орталық жергілікті органдар, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар өте кеш мерзімде ақпараттандырады. Кейбір жағдайда тыңдалымдарды жүргізу жоспарланған қызметті жүзеге асыру шарттарында орынсыз және тиімсіз болуы мүмкін. Мысалы, жобаны ішке асыру орнында толыққанды

тыңдалымдар өткізу үшін мүдделі жұртышылық өкілдерінің жеткілікті санын болжау қиын болатын адамы аз және аз мекенді аудандарда шаруашылықты жоспарлауға қатысты болып отыр. Жоғары масштабты жобалар бойынша керісінше, белгіленген бір жерде бір тыңдалымды жүргізу жұртышылық тыңдалымға мүдделі барлық тұлғалардың қатысу мүмкіндігіне мәнді шек қоюы мүмкін. Сондықтан жоспарланған шаруашылық қызметіне ҚОӘБ жүргізу кезінде тыңдалымдармен қатар жұртышылық қатысуларының әр түрлі нысандарын, бұл бірінші кезекте жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді жинақтау, фиксациялау және есепке алу, сондай-ақ экологиялық ҮЕҰ және сарапшылармен, қоғамдық экологиялық сараптама және өзге де нысандарды есепке алу және пайдалану маңызды.

Үкіметтік емес секторлардың бұдан әрі дамуы, оның мемлекеттік органдармен конструктивті өзара әрекет етуі мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы № 1262 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекет ету жөніндегі Үйлестіру кеңесі құрылды.

2007 жылы ЕҚЫҰ-ның және «Қазақстанның қоғамдық ұйымдарының экологиялық форумы» ҮЕҰ-ның қолдауымен «Жұртышылық тыңдалымдарды, сондай-ақ қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде жұртышылық қатысулардың өзге де нысандарын қолдануды ұйымдастыру және өткізу жөнінде ақпараттық-анықтамалық басшылық» әзірленді және Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісілді. Аталған басшылықта жұртышылық қатысу жөніндегі Орхусс Конвенциясының 6-бабындағы, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы және шешімдер қабылдау үдерісінің бастапқы кезеңінен оның аяқталуына дейін қоршаған ортаға әсерді бағалау саласындағы қалыптасқан халықаралық тәжірибедегі талаптарды ескере отырып жұртышылық тыңдалымдарды өткізу жөніндегі тәжірибелік ұсыныстар берілген.

ҮЕҰ әзірленіп жатқан мемлекеттік стратегиялардың, бағдарламалардың және жоспарлардың экологиялық салдарын бағалау рәсіміне кеңінен қатыстырылады. **Солай, Министрлік 2007 жылдың I жартыжылдығында мынадай жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде экологиялық проблемалар бойынша жұртышылық тыңдалымдарға ҮЕҰ өкілдерін тартты:**

- «Жемчужина» учаскесінде теңіз мұнай операцияларының қоршаған ортаға әсер етуін алдын ала бағалау (Алдын ала ҚОӘБ)»;
- «Обухов кенорнының титан-цирконий кендерін қайта өңдеу жөніндегі байыту фабрикасы» жұмыс жобасына қоршаған ортаға әсерді бағалау»;
- «Андаш кенорны қола-алтын өндіруінің қоршаған ортаға әсерін бағалау»;
- «Қарағанды қаласында жобалық қуаттылығы 25,8 мың тонна металл кремниясын өндіру жөнінде бірінші кезектегі зауыт құрылысы» шаруашылық қызметіне Алдын ала ҚОӘБ».

Бүгінгі таңда, Экологиялық кодекстің 135-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында **қоршаған ортаны қорғау саласында қоғамдық экологиялық бақылауды 179 қоғамдық ұйым жүзеге асырады.**

Қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік және табиғат пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар мен ескертпелерді өңдеу мақсатында Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жанында **Қоғамдық экологиялық кеңес құрылды.** Қоғамдық экологиялық кеңес құрамына мемлекеттік қызметкерлермен қоса:

- депутаттық корпусының өкілдері;
- республиканың жетекші ғалым-экологтары
- қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері;

- ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың экологиялық қызметінің басшылары кіреді.

Қоғамдық экологиялық кеңестің жұмысына ғалымдардың, ҮЕҰ-дың және қоғам қайраткерлерінің қатысуы қабылданатын шешімдерде және ұсыныстарда жұртшылық пікірін есепке алу үшін қосымша мүмкіндік береді, табиғатты қорғау сипатындағы бағдарламалық құжаттарда қарастырылған іс-шараларды уақытында және сапалы іске асыруға, сондай-ақ ақпаратты таратуға және жұртшылықтың пікірі алуды дамытуға және ынталандыруға ықпал етеді. Қоғамдық экологиялық кеңестің мүшелері Министрліктің Алқасын, дөңгелек үстелдер, семинарлар, форумдар жүргізуге және жұмысына қатысады. Жекелегенде 2007 жылдың 16 сәуірінде Қазақстанның Еуропалық Бизнес Ассоциациясы біздің Министрлікпен бірігіп Алматы қаласында «Энергетика. Энергия үнемдегіш технологиялар. Энергияның балама көздері» Халықаралық Форумы ұйымдастырылды. Форумның негізгі мақсаты қайта жаңартылатын ресурстар және энергия көздерін Қазақстан Республикасы экономикасының орнықты дамуы факторы ретінде маңыздылығын талқылау болды.

2006 жылы және 2007 жылдары Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдар арасында экологиялық ҮЕҰ 10 жұмыс орындалды.

7-бап

Қоршаған ортаға қатысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау барысында жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз ету үшін қабылданған тиісті практикалық және басқа шараларды атаңыз. 2 бапта және 3 баптың 9 тармағындағы алалауға қатысты анықтамалардың ұлттық деңгейде қалай пайдаланылуда екендігін көрсетуіңізді сұраймыз.

Жауап:

Соңғы жылдары Қазақстанда жекелеген мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың жобасы жұртшылық ұсыныстарын жинақтаумен және есепке алумен әзірленеді. Шындығында бағдарламалық құжаттар жобаларын талқылау өкілетті мемлекеттік органдардың экологиялық үкіметтік емес ұйымдарының, арнайы мамандырылған сараптамалық ұйымдар өкілдерінің, маман-экологтардың, кәсіптік жоғары оқу орындары ғалымдарының және оқытушыларының қатысуымен өтеді. Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің веб сайттарында жұртшылық талқылауы үшін қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға қатысты едәуір маңызды бағдарламалық құжаттар орналасады.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі 2007 жылы 28 маусымда Жоспар алды, жоспарлы, жоба алды және жобалық құжаттамаларды әзірлеу кезінде қоршаған ортаға жоспарланатын шаруашылық және өзге де қызметтің әсерін бағалауды жүргізу жөніндегі Нұсқаулық бекітілді. 2007 жылғы 25 шілдедегі Министрдің бұйрығымен Жоспарланатын шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсіміне және шешімдер қабылдау үдерісіне жататын экологиялық ақпаратқа қолжетімділік ережесі бекітілді. Қоршаған ортаға әсерді бағалауды ұйымдастырудың маңызды қағидаттарының бірі ретінде аталған құжаттар жұртшылық үшін ақпараттың қолжетімдігін белгілейді. Бекітілген Ережелермен сәйкес бір мезгілде бағдарлама тапсырысшыларына мыналар талап етіледі:

- жоспарланатын бағдарламалар жөнінде ақпараттандыруды және оларды жүзеге асыру үдерісінде мүдделі жұртышылықты қатысуын қамтамасыз ету;
- материалдарға мүдделі жұртышылықтың қолжетімдігін қамтамасыз ету;
- жұртышылық пікірін есепке алуды бұқаралық ақпарат құралдары немесе ақпарат жинақтаудың арнайы пункттері арқылы, сондай-ақ жұртышылық тыңдалымдар өткізу жолымен жүзеге асыру;
- өткізілген жұртышылық тыңдалымдардың нәтижесін белгіленген талаптарды қадағалаумен хаттамамен белгіленеді;
- мемлекеттік экологиялық сраптамаға одан әрі мақсатында жұртышылық пікірін есепке алу бойынша қызметтің қортындысын көрсету;
- қабылданатын шешімдерінің нәтижесі және де өзгелері жөнінде жұртышылықты ақпараттандыру.

Қазақстанда қоршаған орта қатысында саясатты әзірлеуде жұртышылықтың қатысын қамтамасыз ету үшін әр түрлі құралдар қолданылады. Соның бірі бастамашымен (тапсырыс берушімен) тиісті құжат жобасын әзірленетін мемлекеттік стратегиялар, бағдарламалар және жоспарлардың экологиялық салдарларын бағалау рәсіміне жұртышылық қатысуы болып табылады.

Қоршаған орта қатысында саясатты әзірлеуде азаматтардың және қоғамдық ұйымдардың конституциялық құқығын және жұртышылықтың қатысуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Парламенті **Парламенттік тыңдалымдар** өткізеді. 2006 жылғы 24 ақпанда Парламенттік тыңдалымда «Климаттың өзгеру жөнінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Негіздемелік Конвенциясына Киото хаттамасын Қазақстан Республикасы ратификациялауының экологиялық, экономикалық және саяси аспектілері» қарастырылды. 2007 жылғы 27 сәуірдегі «Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің орнықты дамуының стратегиясы» атты Парламенттік тыңдалым барысында ІЖӨ бірлігіндегі есепте қоршаған ортаға эмиссия көрсеткіштерін төмендету жөніндегі мәселелер талқыланды. Бұған Сенат, Мәжіліс, орталық және мемлекеттік атқару органдарының депутаттары, саяси партиялар және экологиялық ҮЕҰ өкілдері қатысты.

Үкіметтік емес ұйымдарды жалпымемлекеттік масштабтағы маңызды саяси шешімдерді қабылдау үдерісіне тарту мақсатында ел Президенті Н.Ә. Назарбаев ІІ Азаматтық форумда сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанында **Қоғамдық сарапшылар палатасын** құруды ұсынды. 2006 жылдан бастап Мәжілістің Қоғамдық сарапшылар палатасы жұмыс тобының отырыстарында ұсынылған заң жобаларын, соның ішінде Экологиялық кодекс жобасын қарастырды. Сарапшылық қызметпен қатар Палата жергілікті дерлерде азаматтық институттардың жаңа сапасына жетуге бағытталған мемлекет Басының бастамаларын түсіндіру және насихаттау өткізеді. Солай, 2006 жылдың 19-20 қазанында жұртышылық қатысуды алға жылжыту арқылы заң шығару үдерісінің ашықтылығын арттыру жөніндегі ұсыныстар әзірленген (Парламенттік шешімдерді қабылдауды жұртышылық қатысуын күшейту арқылы мемлекеттік бәсекеге қабілеттілігін арттыру) тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Қоғамдық экологиялық ақпаратты уақытында алу және экологиялық саясатты әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі **Жұртышылық тыңдаулар** ұйымдастырды. 2006 жылы жұртышылық тыңдалымдарға 2007-2024 арналған Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы және осы тұжырымдаманы 2007-2009 жылғы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары сияқты бағдарламалық құжаттар жобасы бойынша талқылаулар ұйымдастырылды. Шешімдерді қабылдауда жұртышылықты тарту үшін нысан ретінде тыңдалымдар,

жазбаша ұсыныстар және ескертулер жинау, құжаттар жобасын дайындау жөнінде жұмыс топтарына үкіметтік емес ұйымдар өкілдерін енгізу пайдаланылады.

Сонымен бірге, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және оның аумақтық басқармалары қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдар қызметі жөнінде жұртшылық ақпараттанатын халық алдында есептік кездесулерді тұрақты өткізіп отырады. Аумақтық басқармалар қызметкерлері облыстардағы экологиялық ахуал және басқарма қызметінің қорытындысы жөнінде баяндамаларымен шығады. Басты назар Экологиялық проблемалар тізілімінің орындауына және табиғатты қорғау іс-шараларын қаржыландыруға аударылды. 2007 жылдың I жартыжылдығы үшін Қазақстанның барлық аумақтарында барлығы 4000-ден астам адам қатысқан жұртшылық, әкімдіктер, мәслихаттар, мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, оқу орындары және ҮЕҰ өкілдері қатысқан халық алдында 41 есептік кездесу өткізілді.

Жұртшылық тыңдалымдардың басты мақсаты қоршаған ортаны қорғау саласында Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында қойылған міндеттерді шешуге бағытталған. 2007 жылы Маңғыстау облысындағы «Жемчужина» учаскесінде теңіз мұнай операцияларына алдын ала ҚОӘБ жобасының жұртшылық тыңдалымында «Жемчужина учаскесіндегі теңіз операцияларының бағдарламасы туралы», «Жемчужина учаскесінде өткізілетін инженерлік-геологиялық барлауды қоса алғанда, теңіз операцияларының қоршаған ортаға әсерін бағалау» баяндамалары тыңдалды. Маңғыстау ең өзекті проблемасы бойынша «Қошқар Ата қалдық сақтағышты қайта жаңарту және рекультивациялау» жобасы бойынша студенттер, ҮЕҰ өкілдері, сондай-ақ «Мехонобр Инжиниринг» ЖАҚ, ҚР Ақтау ядролық ұлттық орталығының өкілдігі, «Проектировщик» ЖШС өкілдері қатысқан жұртшылық тыңдалымдар өткізілді.

Қызылорда қаласында «Қазақстан-Қытай мұнай құбырын кезеңдеп салуды инвестициялау негіздемесі» жобасына алдына ала қоршаған ортаға әсерді бағалау жөнінде жұртшылық тыңдалым өткізілді. Тыңдалым кең жұртшылықты – ҮЕҰ, еңбек ардагерлерін, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің қатысуымен өтті.

Атырау қаласында 2007 жылдың I-жартыжылдығында өткізілген мұнай төгілуіне Солтүстік –Каспий экологиялық әрекет ету базасын салу және іске қосу кезінде ҚОӘБ бағалау жобасы бойынша «Теңіз Сервис» ЖШС, Солтүстік Каспий Ш-Р-1 және Ш-Р-2 учаскелерінде сейсмикалық барлау жұмыстарының ҚОӘБ жобасы бойынша «Веритас Каспиан» ЖШС және Атырау металл өңдеу зауытының құрылысы кезінде ҚОӘБ «АМПЗ» ЖШС мұнай өндіру кәсіпорындарына акцент жасалды.

«Протон-М» ғарыш-тасығышының ұшу трассасы бойынша және бөлінетін бөліктерінің құлау ауданында қоршаған ортаға әсерін бағалау материалдары бойынша жұртшылық тыңдалымдар 2007 жылы бірден үш облыстарда: Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Қызылорда облыстарында өткізілді. Тыңдалымдар ҮЕҰ өкілдерінің, Мәжіліс, жергілікті атқару органдары депутаттарының қатысуымен өткізілді.

2007 жылдың қаңтар айында «Алматы экологиялық проблемалар алдында» жұртшылық тыңдалымдары өткізілді. Тыңдалымдар қала тұрғындарының, Қазақстан және Ресей ғалымдарының, медицина қызметкерлерінің, орта және жоғарғы оқу орындарының педагогтарының, ҮЕҰ өкілдерінің кең көлемде қатысуымен өтті. Тыңдалым қоршаған ортаны жақсартуға, халық денсаулығын сақтау және жоғары экологиялық мәдениетті алматылықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеуге, сондай-ақ қоршаған орта ластануының деңгейін төмендету үдерісіне жұртшылықтың кеңінен қатысуын белсенді тартуға бағытталған кешенді шараларды әзірлеу жөніндегі міндеттерді шешу үшін өткізілді.

Егер бар болса тиісті веб-сайттардың адресін көрсетіңіз:

Ұйымдардың атауы

web-сайттың адресі

ҚР Парламенті	www.parlam.kz
ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	www.nature.kz

8-бап

Мемлекеттік органдардың орындау күші бар ережелерін және қоршаған ортаға едәуір әсер ете алатын жалпыға қолданылмалы міндетті Құқықтық нормалар дайындауда жұртшылықтың пәрменді қатысуына ықпал ету үшін қандай шаралар қолданылуда екенін айтыңыз. 2 бапта және 3 баптың 9 тармағында бар анықтамалар ұлттық деңгейде қалай қолданылуда екенін мүмкіндігінше хабарлаңыз.

Жауап:

*Қоршаған орта қатысында саясатты әзірлеуде азаматтардың және қоғамдық ұйымдардың конституциялық құқығын және жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз ету үшін, Қазақстан Республикасының Парламенті Сенат, Мәжіліс, орталық және жергілікті атқару органдарының депутаттары, саяси партиялар және экологиялық ҮЕҰ өкілдері қатысатын **Парламенттік тыңдалымдар** өткізеді.*

*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанында **Қоғамдық сарапшылар палатасын** құрылды. 2006 жылдан бастап Мәжілістің Қоғамдық сарапшылар палатасы жұмыс тобының отырыстарында ұсынылған заң жобаларын, соның ішінде Экологиялық кодекс жобасын қарастырды.*

*Қоғамдық экологиялық ақпаратты уақытында алу және экологиялық саясатты әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі **Жұртшылық тыңдаулар** ұйымдастырды. 2007 жылы ЕЫҚҰ және «Қазақстанның қоғамдық ұйымдарының экологиялық форумы» ҮЕҰ қолдауымен **«Жұртшылық тыңдалымдарды, сондай-ақ қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде жұртшылық қатысулардың өзге де нысандарын қолдануды ұйымдастыру және өткізу жөнінде ақпараттық-анықтамалық басшылық»** әзірленді және **Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісілді. Шешімдерді қабылдауда жұртшылықты тарту үшін нысан ретінде тыңдалымдар, жазбаша ұсыныстар және ескертулер, құжаттар жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобына үкіметтік емес ұйымдар өкілдерін енгізу пайдаланылды.***

Қазақстан Республикасының заңнамасы заңнамалық және нормативтік құжаттар жобаларына ұсыныстарды талқылауда және ұсыныстар дайындауда жеке және заңды тұлғалардың қатысуына қатысты қандай да бір дискриминациялы сипаттағы шектеулер қарастырмайды.

Экологиялық кодекстің 13-14-баптары жеке және қоғамдық ұйымдардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген табиғат қорғау қызметін жүзеге асыру үшін бірден-бір маңызды шарттарының бірі ретінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заң жобаларын талқылауға қатысу құқығын белгілейді. 2005-2007 жылдары кезеңінде Қазақстанда тікелей қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға қатысты көптеген заң жобалары және заңға бағынысты актілері жобасы жұртшылық талқылаудан өтеді. Тәжірибесінде нормативтік құқықтық актілер жобасына жұртшылық талқылауға шақыру, қалыптасқандай, экологиялық ҮЕҰ, кәсіпкерлерге және табиғат пайдаланушыларға, эколог мамандарға, экологиялық құқықта тағайындалған заңгерлерге және өзгелерге бағытталады. Талқылау үшін нормативтік құқықтық жобалар тиісті министрліктің веб-сайттарында орналастырылады,

электрондық пошта бойынша таратылады, жекелеген жағдайда арнайы мамандырылған баспаларда таратылады. Нормативтік құқықтық актілер жобалары бойынша ескертулер мен ұсыныстар жинау қалыптасқандай арнайы тағайындалған тұлғамен немесе мемлекеттік органның жауапты департаментімен (басқармасымен) өткізіледі.

Жұртшылықтың қатысуының нақты мысалы ретінде Экологиялық кодекс жобасын бойынша талқылауды келтіруге болады. Экологиялық кодекс жобасын талқылау бойынша екі рет жұртшылық тыңдалым және мемлекеттік экологиялық сараптама өткізілді. 2007 жылы 9 қаңтарда қабылданған Экологиялық кодекс жұртшылықтың ұсыныстарын ескерумен әзірленген және ақпаратқа қолжетімдікті және экологиялық ақпаратты алу құқығын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы кең заңнамалық базаны мәнді кеңейтеді және толықтырады. Экологиялық кодекс ұлттық экологиялық заңнаманы алдыңғы халықаралық актілерімен үйлесімдікке, жаңа стандарттарға көшуге, мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған. Экологиялық кодексті әзірлеуге Қазақстанның және шет елдердің жетекші ғалымдары және мамандары, алты қазақстандық ҒЗИ және ғылыми орталығының, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Экологиялық директорының өкілдері, Ұлыбритания, Дания, Эстония, Латвия, Ресей, Чехия және өзге де елдер сарапшылары қатысты.

Егер бар болса тиісті веб-сайттардың адресін көрсетіңіз:

Ұйымдардың атауы	web-сайттың адресі
ҚР Парламенті	www.parlam.kz
ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	www.nature.kz
ҚР қоғамдық ұйымдарының Экологиялық форумы	www.ecoforum.kz

9-Бап

Сотқа қол жеткізе алуға байланысты 9 бап ережелерінің жүзеге асырылуы жөнінде заңды және нормативті және басқа шараларды атаңыз.

9 баптың әрбір тармағының ережелері қалай жүзеге асырылатынын түсіндіріңіз. 2 бапқа сәйкес, және 2 бапта көрсетілген және 3 баптың 9 тармағында бар алалау болмауына байланысты талаптардың ұлттық деңгейде қалай қолданылып жүргенін хабарлаңыз. Осыдан басқа мыналарды көрсетіңіз:

а) **1 тармаққа** қатысты шаралар, қамтамасыз етуге қабылданған:

- (i) кез келген тұлға 4 бапқа сәйкес берілген өзінің сұранысын (ақпаратқа қол жеткізу жөнінде) қаралады деп есептесе, заңға сәйкес сотқа жүгінуге қол жеткізе алды ма, соны қамтамасыз еткен шараны;
- (ii) сотта мынадай мәселе қаралса, сот жүйесіне кіретін тәуелсіз, әділ орган немесе аз ақы төлеуді, не мүлде төлемеуді көздейтін заңмен бекітілген жедел жұмыстарға қол жеткізу мәселесін қарауды қамтамасыз ету;
- (iii) ақпарат қолында бар мемлекеттік орган үшін, егер ақпарат беру туралы өтініш қанағаттандырылмаса, себебін жазбаша түрде осы тармаққа сәйкес соңғы шешім ретінде беруді қамтамасыз ету шаралары;

b) **2 тармаққа** сәйкес жұртшылық өкілдері ұлттық заң шеңберінде сотта немесе басқа органдарда кез келген шешімнің құқықтық және процессуалдық көзқарас тұрғысынан қарауға қол жеткізе алуы, сөйтіп 6 бап ережелерінің жұмыс күші бары не жоғы білуге қол жеткізе алуын қамтамасыз ету шаралары;

c) **3 тармаққа** сәйкес жұртшылық өкілдері ұлттық заңда қаралған талаптарға сай әкімшілік не сот жұмыстарына олардың жеке тұлға немесе үкіметтік органдар қоршаған ортаға байланысты ұлттық заң ережелерін бұзғаны жөніндегі шешімін көруге қол жеткізе алуын қамтамасыз ету шаралары;

d) **4 тармаққа** қатысты – шаралар, қамтамасыз етуге қабылданған:

(i) 1, 2 және 3 тармақтарда айтылған жұмыстар құқық қорғаудың барабар және пәрменді құралдары болуын;

(ii) осындай жұмыстар басқа тұрғыда осы тармақ талаптарына жауап беруін қамтамасыз ету шаралары қабылданды;

e) **5 тармаққа** қатысты – жұртшылыққа әкімшілік және сот жұмыстары шешіміне қатысты ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар.

Жауап:

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында заңнамалық деңгейде Конвенцияның мына барлық құрауыштары бойынша қол жеткізуді тиісті қамтамасыз ету үшін шарттар жалпы құрылған:

- ақпаратқа;

- жұртшылықтың шешімдерді қабылдау үдерісіне қатысуына;

- қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне.

*Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес соттық билік **азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және сот ісінің** заңмен белгіленген өзге нысандары арқылы жүзеге асырылады (75-бап). Сот билігі Конституция, заңдардың, өзге нормативтік актілер және **халықаралық шарттар** негізінде туатын барлық істерге және дауларға таралады. Соттардың шешімдері, үкімдері және өзге қаулылары Республиканың барлық аумағында міндетті күшке ие (Конституцияның 76-бабы). Экологиялық кодекспен азаматтарға мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша хаттармен, шағымдармен, өтініштермен және ұсыныстармен жүгіну және оларды қарастыруды талап ету (13-бап) құқығы ұсынылған, ал қоғамдық бірлестіктерге өзінің қызметін қоршаған ортаны қорғау саласында жүзеге асыру кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қою құқығы ұсынылған (14-бап).*

*Қазақстан Республикасының **Қылмыстық кодексімен** (11-тарау) экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған (277-294-баптар). Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің (бұдан әрі – Құқықтық статистика комитеті) мәліметтеріне сәйкес қылмыстық іс жүргізумен 2005 жылы экологиялық қылмыспен байланысты – 190 іс, 2006 жылы – 176 іс, 2007 жылғы 9 айда – 120 қылмыстық іс аяқталған.*

*Қазақстан Республикасының **Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен** (бұдан әрі – ӘҚТК) қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.*

Құқықтық статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес республиканың соттарында осындай әкімшілік істерді жүргізумен 2005 жылы – 2732 іс, 2006 жылы – 2691 іс, 2007 жылғы 9 айда – 1813 әкімшілік іс аяқталған. Бұл ретте азаматтар және қоғамдық ұйымдар іс қозғауға құқылы органдарды (лауазымды тұлғаларды) ақпараттандыруға немесе хабарлама беруге құқылы (ӘҚТК 634-бабы).

Қазақстан Республикасы Азаматтық процессуалдық кодексінің (бұдан әрі – АПК) 2-бабы негізінде азаматтық **сот ісі туралы** заңнама табиғат ресурстарын пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастардан және өзге құқықтық қатынастардан туатын даулар бойынша істерді қарастыру тәртібін белгілейді. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге міндеттемелері азаматтық процессуалдық құқықтық құраушы бөлігі болып табылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының күшіне орай Республикамен ратификацияланған халықаралық шарттар оның заңдары алдында басымдылықтарға ие және, халықаралық шартты қолдану үшін заңды шығару қажет жағдайларды алып тастағанда, тікелей қолданылады. Ұқсас ережелер АПК 3-бабындағы 3-бөлігінде бекітілген. Сот төрелігін жүзеге асыру заңдылық қағидаттары, судьялардың тәуелсіздігі, соттық қарастырудың жариялылығы, тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтығы, заң мен сот алдындағы теңдік бастаулары, білікті заңгерлік көмекке құқықты қамтамасыз ету, сот актілерінің міндеттілігі, процессуалдық әрекеттерді және шешімдерді шағымдаудың еріктілігі және сот ісінің басқа қағидаттары негізінде жүзеге асырылады (АПК 6; 12-13; 15; 18-19; 21-22-баптары). Конституцияның 10-бабының күшіне орай әрбір адам өзінің құқықтары мен еркіндіктерін соттық қорғауға құқығы бар. Жеке алғанда, әрбір адам АПК белгілеген тәртіпте бұзылған немесе дауланып жатқан конституциялық құқықтарын, еркіндіктерін немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға сотқа жүгінуге құқылы. Егер ол заңнамаға қайшы немесе біреудің құқықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін бұзатын болса, онда сотқа жүгіну құқығынан бас тарту жарамсыз. (АПК 8-бабы). Құқықтық статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес республиканың соттарында қоршаған ортаны қорғаумен байланысты талап-тілектер бойынша азаматтық істерді жүргізумен талап-тілектік іс жүргізу тәртібінде 2005 жылы – 592 іс, 2006 жылы – 641 іс, 2007 жылғы 9 айда – 331 азаматтық істер аяқталған. Негізінен бұлар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың және прокурорлардың талап-тілектері бойынша азаматтық істер және азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерден бірен-саран талап-тілектер. Азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің талап-тілектері бойынша, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзіндік басқарудың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік қызметшілердің қоршаған ортаны қорғаумен байланысты шешімдерін және іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін) шағымдау туралы ерекше талап-тілек жүргізу істері бойынша жеке статистикалық есеп жүргізілмейді (АПК 27-бабы). Экологиялық кодекспен (13-бап) азаматтарға кәсіпорындарды, имараттарды және өзге экологиялық қауіпті объектілерді орналастыру, салу, қайта жаңарту және пайдалануға тапсыру туралы, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсер ететін шаруашылық және өзге қызметін шектеу және тоқтату туралы шешімдерді соттық тәртіпте болдырмауды талап ету; Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу салдарынан оның денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы талап-тілектерді сотқа қоюға және басқа құқықтары ұсынылған. Бұл құқықтар азаматтардың талап-тілекпен сотқа жүгінуі жолымен іске асырылуы мүмкін, оның нысаны мен мазмұны АПК 150-бабымен реттеледі. Судья талап-тілектік өтініштің түсу күнінен бастап **бескүндік мерзімде** оны сот жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешуге міндетті, одан кейін азаматтық істі қозғау туралы анықтаманы шығарады (АПК 152-бабы). Азаматтың

өтініші бойынша сот талап-тілекті қамтамасыз етуге шаралар қабылдай алады. Талап-тілекті қамтамасыз етуге, егер мұндай шараларды қабылдамау сот шешімін орындауды қиындата немесе мүмкін емес қыла алса, істің кез-келген жағдайында жол беріледі (АПК 158-бабы). Талап-тілекті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мынандай бола алады: - жауап берушіге тиесілі мүлікке тиым салу; - жауап берушіге белгілі әрекеттерді орындауға тыйым салу; - мемлекеттік органның, ұйымның немесе лауазымды тұлғаның дауланатын актісінің қолданылуын тоқтата тұру немесе АПК 158-бабында көрсетілген мақсаттарға жауап беретін талап-тілекті қамтамасыз ету жөніндегі өзге шаралар (АПК 159-бабы). Судьяның талап-тілекті қамтамасыз ету туралы анықтамасы мемлекеттік атқарушы органмен дереу іске асырылады (АПК 160-161-баптары). Өтінішті қабылдағаннан және азаматты істі қозғалтқаннан кейін судья істі, оны уақытылы және дұрыс шешу мақсатында, **жеті күндік, алайда бір айдан артық емес мерзімде соттық қарастыруға дайындауды жүргізеді** (АПК 166-167 баптары). Судья, істі дайындалған деп танып, оны соттық отырыста қарастыруға бекіту туралы анықтама шығарады, **тараптарды және үдерістің басқа қатысушыларын істі қарастыру орны және уақыты туралы хабарландырады** (АПК 173-бабы). Азаматтық істер істі соттық қарастыруға дайындауды аяқтау күнінен **екі айға дейінгі мерзімде** қарастырылады және шешіледі (АПК 174-бабы). Сот отырысында төрағалық етуші судья **іске қатысатын тұлғаларға және өкілдерге олардың процессуалдық құқықтарын және міндеттерін түсіндіреді, тараптардың өтініш берулерін шешеді, басқа процессуалдық әрекеттерді орындайды** (АПК 185-215-баптары). Соттық қарастыру нәтижелері бойынша сотпен шешім шығарылады, ол **оны шағымдау тәртібін және мерзімін түсіндірумен** жарияланады (АПК 216-бабы). Аудандық, облыстық және оларға теңестірілген соттардың бірінші инстанция бойынша қарастырылған істер жөніндегі шығарылған шешімдері заңды күшіне оларды апелляциялы шағымдауға, прокурормен қарсылық білдіруге мерзімнің аяқталуы бойынша (15 күн) енеді (АПК 235-бабы). Дерек орындау жағдайларын басқа шешімнің заңды күшіне енуінен кейін «Соттық атқарушының атқарушылық жүргізуі және мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Атқарушылық жүргізу туралы заң) белгіленген тәртіпте мемлекеттік соттық атқарушымен іске асырылады (АПК 236-бабы). Талап-тілек берушінің өтініші бойынша сот, егер ерекше жағдайлардың салдарынан шешімді пайдаланудағы кідіріс өтеп алу үшін едәуір залалға әкеліп соқтыруы мүмкін немесе шешімді орындау мүмкін болмайтын болса, **шешімді дереу орындауға жүгінуі мүмкін** (АПК 238-бап). Атқару парағын атқару жүргізу органына атқаруға жолдағанға дейін дереу орындауға аударылмаған **шешімді орындауды сот қамтамасыз ете алады** (АПК 239-бап). Солайша, Атқарушылық жүргізу туралы заңға сәйкес соттық орындаушы аталған Заңмен қарастырылған атқарушылық құжаттарды **орындауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды** қабылдайды (10-бап). Бұл ретте атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мыналар болып табылады: - қарыздардың мүлкіне немесе ақшалай қаражаттарына тиым салу; қарыздарға анықталған әрекеттерді орындауға тыйым салу; қарыздардың мүлкін сүргі соғу және басқалары (Заңның 34-бабы). Атқарушылық құжаттар бойынша орындау атқарушылық жүргізуді қозғау күнінен бастап **екі айлық мерзімде** аяқталуы тиісті. Имараттарды бұзумен, технологиялық операцияларды жүргізумен және Заңның бабымен қарастырылған басқа жағдайларға байланысты атқарушылық құжаттар бойынша **орындау төрт айлық мерзімде аяқталуы тиісті**.

Егер істе қатысатын тараптар және басқа тұлғалар бірінші инстанция сотының заңды күшінен енбеген шешімімен келіспесе, олар оны **апелляциялық тәртіпте** шағымдауға құқылы. Сот шешіміне прокурордың наразылығы келтірілуі мүмкін. Апелляциялық шағымды сондай-ақ іске қатысуға тартылмаған, алайда сот олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты шешім қабылдаған тұлғалар беруге құқылы (АПК

332-бабы). Апелляциялық шағымдар және наразылықтар шешім шығарға сот арқылы беріледі (әкелінеді) (АПК 334-бабы) және:

- аудандық және оларға теңестірілген соттармен шығарылған шешімдерге – облыстық және оларға теңестірілген соттардың азаматтық істер жөніндегі алқасымен;
- бірінші инстанция бойынша облыстық және оларға теңестірілген соттармен шығарылған шешімдерге – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасымен қарастырылады (АПК 333-бабы).

Апелляциялық инстанциядағы іс оның бірінші инстанция сотынан келіп түскен күнінен бастап бір айлық мерзімнен кеш емес қарастырылуға жатады (АПК 349-бабы). Істі қарастыру уақыты және орын туралы тиісті түрде хабарландырылған тұлғалардың келмеуі істі қарастыруға бөгет бола алмайды. Алайда сот бұл жағдайларда келмеу себептерін себепті деп танып, істі қарастыруды басқа күнге ауыстыруға құқылы (АПК 352-бабы). Апелляциялық инстанция сотының қаулысы оларды қабылдау күнінен бастап заңды күшіне енеді (АПК 368-бабы).

Заңды күшіне енген сот актілері АПК 384-400-баптарының ережелері бойынша тараптардың және іске қатысқан және апелляциялық шағымды беру құқығына ие басқа тұлғалардың қадағалаулық шағымы бойынша, сондай-ақ прокурордың наразылығы бойынша **соттық қадағалау тәртібінде** облыстық, Жоғарғы соттардың қадағалаулық алқасында қайта қарастырылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты қадағалаулық алқасының қаулылары қабылданған қаулы адамдардың өмірі, денсаулығы үшін немесе Қазақстан Республикасының экономикасы немесе қауіпсіздігі ауыр қайтарымсыз салдарға әкелуі мүмкін туралы деректерді анықтаумен байланысты біріңғай жағдайларда қайта қарастырылулары мүмкін (АПК 384-бабы). Шағым (наразылық) берген, **істі қарастыру уақыты және орны туралы тиісті хабарландырылған** тұлғаның жоқ болуы қадағалау инстанциясының сот отырысын жалғастыру мүмкіндігін алып тастамайды. Қадағалау инстанциясының сотында істі қарастыру кезінде прокурордың қатысуы міндетті (АПК

398-бабы). Қадағалау инстанциясы шағымдалатын сот актісін қайта қарастыру жөніндегі қадағалаулық істі қозғалту туралы соттың қаулысын алғаннан кейін **тараптарға қадағалаулық шағымның көшірмесін, сот отырысын өткізу күнін, уақытын, орнын көрсетумен қадағалаулық инстанцияда істі қарастыру туралы хабарламаны жолдайды. Қаждағалаулық инстанциядағы іс қадағалаулық инстанцияға істі қадағалаулық іс жүргізуді қозғау туралы қаулымен беру немесе прокурордың наразылығы түсу күнінен бастап бір ай ішінде қарастырылуы тиісті.** (АПК 395-бабы). Қадағалаулық инстанция сотының қаулылары оларды қабылдау сәтінен күшіне енеді (АПК 400-бабы).

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес **экологиялық қоғамдық бірлестіктер**, басқа да қоғамдық бірлестіктер секілді қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсатында және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызметті жүзеге асыру үшін құрылады және жұмыс істейді. **Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін қоғамдық бірлестіктер** заңнамамен белгіленген тәртіпте **өзінің мүшелерінің мүдделерін соттарда** басқа мемлекеттік органдарда, өзге қоғамдық бірлестіктерде **таныстыру және қорғау құқығына ие.** (Заңның 19-бабы). Экологиялық кодекспен (14-бап) қоғамдық бірлестіктерге өзінің қызметін қоршаған ортаны қорғау саласында жүзеге асырған кезде мына құқықтар ұсынылған:

- азаматтардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген зиянды өтеу туралы талап-тілектерді сотқа қою;
- кәсіпорындарды, имараттарды және өзге экологиялық қауіпті объектілерді орналастыру, салу, қайта жаңарту және пайдалануға қосу туралы шешімдерді соттық тәртіпте

болдырмауды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға және адамның денсаулығына кері әсерін тигізіп жатқан шаруашылық және өзге қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдерді шығаруды талап ету;
- және басқа құқықтар.

Азамат және заңды тұлға АПК 27-тарауына сәйкес мемлекеттік органның, жергілікті өзінше басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды тұлғаның, мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетін (әрекетсіздігін) тікелей сотта даулауға құқылы. Жоғары тұрған органдарға және ұйымдарға, лауазымды тұлғаға алғашқы жүгіну өтінішті сотқа ұсыну және оны сотпен қарастыруға және мазмұны бойынша шешуге қабылдау үшін міндетті шарт болып табылмайды (АПК 278-бабы). Органдардың, ұйымдардың, тұлғалардың дауланатын шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) олардың нәтижесінде:

- азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылған;
- азаматпен оның құқықтарын және бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғамен оның құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруға бөгеттер құрылған;
- азаматқа немесе заңды тұлғаға қандайда бір міндет заңсыз артылған, немесе олар жауапкершілікке заңсыз тартылған ұжымдық және жекеley шешімдер және іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) жатқызылады.

Азамат және заңды тұлға оларға олардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу туралы мәлім болған күннен бастап **үш ай ішінде** сотқа өтінішпен жүгінуге құқылы. Өтінішпен жүгіну үшін үш айлық мерзімді өткізу сотқа өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізу себептері өтінішті мазмұны бойынша қарастыру кезінде соттық отырыспен анықталады және өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға негіздердің бірі болып табыла алады (АПК 280-бабы). **Өтініш сотпен бір айлық мерзімде азаматтың, заңды тұлға өкілінің, олардың шешімдері дауланатын мемлекеттік орган, қоғамдық бірлестік, ұйым басшысының, лауазымды тұлғаның немесе мемлекеттік қызметшінің қатысуымен қарастырылады.** Соттық отырысқа **соттық отырыстың орны мен уақыты туралы тиянақты хабарландырылған** аталған азаматтардың бірінің келмеуі өтінішті қарастыруға бөгет болып табылмайды. Алайда сот аталған тұлғалардың соттық отырысқа келулерін міндетті деп тани алады (АПК 281-бабы). Сот өтінішті негізделген деп танып, тиісті тұлғаның азаматтың және заңды тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін жол берілген бұзуды толық көлемде жою міндеті туралы шешім шығарады. Егер сот дауланып жатқан шешімдер мен іс-әрекеттер заңға сәйкес шығарылған және орындалған болғанын және азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылмағандығын анықтаса, өтінішті қанағаттандырудан бас тартады. Сот шешімі жол берілген заңды бұзушылықтарды жою үшін олардың шешімдері дауланған мемлекеттік органның, ұйымның басшысына, тұлғасына немесе бағынысты болу тәртібінде жоғары тұрған органға, ұйымға немесе лауазымды тұлғаға сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін **үш күн ішінде** жолданады. Шешімді орындау туралы сотқа, азаматқа немесе заңды тұлғаға сот шешімін алған күннен бастап **бір айлық мерзімнен кеш емес** хабарлануы тиісті. **Сот шешімін орындамағаны үшін кінәлі лауазымды тұлғалар** заңмен қарастырылған жауаптылық тартады (АПК 282-бабы).

АПК 100-бабына сәйкес **сот шығындары** іс жүргізумен байланысты мемлекеттік баждан және шығындардан тұрады. Мемлекеттік бажды өтеу тәртібі және мөлшері «Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексімен анықталады (бұдан әрі – Салық кодексі). Мемлекеттік баж

сотқа берілетін талап-тілектік өтініштерден, ерекше іс жүргізу бойынша өтініштерден (шағымдардан), апелляциялық шағымдардан, атқару парағының көшірмесін беру туралы мәселе бойынша сот анықтамасына шағымдардан, сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден, құжаттардың көшірмелеріне (дубликаттарынан) алынады (Салық кодексінің 495-бабы). Салық кодексінің 495-бабындағы 2-тармаққа сәйкес мемлекеттік баждардың тіркелген пайыздық ставкалары, егер ол Салық кодексімен белгіленген болмаса, Қазақстан Республикасының заңнамалық актімен мемлекеттік бажды өтеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткішін негізге ала отырып есептеледі. Мемлекеттік баж сотқа берілетін **мүліктік сипаттағы талап-тілектік өтініштерден: - жеке тұлғалар үшін талап-тілек сомасынан 1 пайыз мөлшерінде; - заңды тұлғалар үшін талап-тілек сомасынан 3 пайыз мөлшерінде; - мүліктік емес сипаттағы талап-тілектік өтініштерден - айлық есептік көрсеткіш мөлшері негізінен 50 пайыз** алынады (Салық кодексінің 496-бабы). Бұл ретте «2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен 2007 жылғы 1 қаңтарда **айлық есептік көрсеткіш 1092 теңге мөлшерінде белгіленген, бұл 6 евро 15 центке теңе-тең** (1 евро бағамы 177,56 теңге). Салық кодексінің 501-бабындағы 8) тармақшамен өтініш берушілерді соттарда Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасын бұзумен мемлекетке келтірілген залалды өтеуге қаражаттарды мемлекет табысына өтеу туралы талап-тілектері бойынша мемлекеттік бажды өтеуден босату қарастырылған. Бұдан өзге процессуалдық заңнамамен оның пайдасына шешім қабылданған тарапқа, ол сот шығындарын өтуден босатылған болса да, басқа тараптан іс бойынша барлық соттық шығындарды атау анықталған. Егер талап-тілек бөлшектей қанағаттандырылған болса, онда шығындар талап-тілек берушіге талап-тілектік талаптардың сотпен қанағаттандырылған мөлшеріне пропорционалды, ал жауап берушіге – талап-тілек берушінің талап-тілектік талаптарынан бас тартылған бөлігіне пропорционалды аталады (АПК 110-бабы). Сондай-ақ оның пайдасына шешім қабылданған тарапқа сот тараппен нақты шығарылған шығындар мөлшерінде басқа тараппен үдеріске қатысқан өкілдің көмегін төлеу жөніндегі шығарылған шығындарды өтеуді атайды. Ақшалай талаптар бойынша бұл шығындар талап-тілектің қанағаттандырылған бөлігінің он пайызынан аспауы тиісті (АПК 111-бабы). **Азаматтарға заңгерлік көмекті тегін көрсету** АПК 114-бабымен қарастырылған, оған сәйкес судья істі соттық қарастыруға дайындаған кезде немесе сот істі қарастырған кезде азаматтың мүліктік жағдайын негізге ала отырып, оны заңгерлік көмекті өтеуден толық немесе бөлшектей босатуға және адвокат еңбегін төлеу жөніндегі шығындарды мемлекет есебіне жатқызуға құқылы.

Жоғарғы Сотпен Конвенцияның ережелерін іске асыру жөніндегі елеулі жұмыс жүзеге асырылады. Жеке алғанда, Жоғарғы сотта және жергілікті соттарда соттармен экологиялық заңнаманы қолдану жөніндегі сот тәжірибесі зерттеледі, жергілікті соттарда судьяларды азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың экологиялық даулар жөніндегі талап-тілектерін қарастыру бойынша мамандандыру қолданылады, БАҚ-та экологиялық тақырыпқа материалдар жарияланады, «ЮГ» газетінде соттармен экологиялық заңнаманы қолдану мәселелері бойынша «Судье на заметку» рубрикасы ашылған, Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен өзара ақпараттық алмасу жөнге келтірілген. Әрбір сотқа Орхусс конвенциясын Қазақстанның құқықтық жүйесінде тікелей әрекет күшіне ие халықаралық шарт ретінде қолдану қажеттілігі туралы ереже жеткізілген. 2005-2007 жылдары Жоғарғы Сот халықаралық серіктерімен бірлесіп олардың күн тәртіптеріне халықаралық келісімдердің нормаларын, оның ішінде Орхусс Конвенциясының ережелерін Республиканың соттарында қолдану мәселелерін талқылау қосылған әртүрлі іс-шаралар (конференциялар мен семинарлар) өткізді. Бұл іс-шаралардың жұмысына Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының (Қоршаған орта министрінің, Әділет министрлігі мен Бас прокуратураның және басқаларының) өкілдері, Жоғарғы және жергілікті соттардың

судьялары, ғалымдар, шетелдік сарапшылар, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және бақса көптегені белсене қатысты. Бұл ретте іс-шараларды өткізу және олардың нәтижелері туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды, [Жоғарғы Соттың WEB-сайтында](#) орналастырылды, бұл жұртшылықтың тарапынан көңіл бөлуіне және олардың аталған форумдарға қатысу тілектеріне әсер етті. Конференциялар мен семинарларды өткізуді аяқтау бойынша іс-шараларға қатысушылардың ұсынымдары барлық мүдделі ұйымдарға жолданған болатын, бұдан өзге барлық дерлік жағдайларда республиканың соттарынан басқа мемлекеттік органдар мен жоғарғы оқу орындарына таратылатын материалдар жинақтары шығарылған. Конференциялар мен семинарлардың экология саласындағы материалдары [Жоғарғы Соттың WEB-сайтында](#) [«Халықаралық ынтымақтастық»](#) бөлімінде орналастырылған, мысалға, а) [экологиялық және салықтық заңнаманы қолданудың соттық тәжірибесі жөніндегі материалдар](#) (Алматы, 2005 жылғы 28 қараша – 2 желтоқсан); б) [Орталық Азия судьяларының «Экологиялық заңнаманы қолдану проблемалары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы](#) (2006 жылғы 7-8 қыркүйек, Алматы); в) [судьялар үшін «Жер қойнауы және инвестициялар» өңірлік семинары](#) (2007 жылғы 27-30 наурыз, Атырау). Бұдан өзге, ағымдағы жылғы 10 қыркүйекте Ақтау қаласында өткізілген Жоғарғы арбитраждық, шаруашылық, экономикалық және экономика саласындағы даулар бойынша істерді шешетін басқа соттарының төрағалары кеңесінің кезекті (төртінші) отырысында күн тәртібіне экологиялық заңнаманы, оның ішінде Орхусс конвенциясын Қазақстанмен қолдану мәселелері қосылған болатын. Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен «Орхусс конвенциясын іске асыруға жұртшылықты тарту және азаматтық қауымды қолдау» өңірлік жобасы бойынша ынтымақтастық жүзеге асырылады (2007 жылғы 12 қарашадағы № 11-8/3566 шығыс хаты).

2007 жылы судьялар үшін жұртшылық өкілдерінің өтініштері бойынша экологиялық құқықтарды экологиялық заңнаманы бұзу туралы істерді қарастыру жөніндегі оқу құралын басып шығару бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға Жоғарғы Сот өкілдерінің Астанадағы ОБСЕ Орталығының сарапшыларымен кездесулерінің қатары өткізілген. Кездесулердің нәтижелері бойынша тараптар онда судьялар үшін оқу құралын ресми таныстыруды өткізу көзделіп отырған, экологиялық даулар бойынша істерді қарастыратын судьялар және оқу бағдарламаларының Орхусс конвенциясының ережелерін қолдану тәжірибесі, сот әділдігіне қол жеткізу мәселелері жөніндегі үйлестірушілері үшін халықаралық сарапшыларды тартумен семинар өткізу идеясын қолдады.

2007 жылғы қазанда Жоғарғы Сот Web-сайтта [«Халықаралық ынтымақтастық»](#) бөлімінің [«Халықаралық құқық құжаттары»](#) бөлімшесінде [«Орхусс конвенциясының ережелерін іске асыру»](#) бетін ашты, онда мыналар орналастырылады: қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер; Еуропалық Экономикалық Комиссияның тараптар қоршаған ортаға қатысты мәселелері жөніндегі ақпаратқа қол жеткізу, шешімдерді қабылдау үдерісіне жұртшылықтың қатысуы және сот әділдігіне қол жеткізу туралы кеңесінің жұмысы туралы баяндамалар; [«Соттық актілер және шолулар»](#) бөліміне сілтемемен экологиялық істер жөніндегі сот актілері, сондай-ақ «Конференциялар мен семинарлардың материалдары» бөлімшесіне сілтемемен қоршаған ортаны қорғауға мәселелері жөніндегі мақалалар, интервьюлер. 2007 жылғы қаңтарда Web-сайтта сот жүйесіне қатысты мәселелерді тікелей талқылау үшін Форум ашылған болатын және Форумның бірінші бағыттарының бірі жұртшылықтың қызығушылығын тудырған экология және экологиялық ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі пікірлерді зерттеу болды.

Орхусс конвенциясына сәйкес Жоғарғы Сотпен жұртшылыққа экологиялық ақпарат ұсынылады, солайша, мысалға, «Жасыл құтқару» Экологиялық қоғамы ҮЕҰ-ның 2007 жылғы 17 қазандағы сұранысына жауап ретінде Жоғарғы Сотпен Конвенцияның талаптарын іске асыру жөніндегі, жекелегенде судьялар үшін біліктілікті көтеру курстарын өткізу, сот әділдігіне қол жеткізу, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша өткізілген конференциялар мен семинарлар жөніндегі мәліметтер және басқалары хабарланған болатын (2007 жылғы 1 қарашадағы № 11-6/3435 шығыс хаты).

Облыстық және оларға теңестірілген соттардың оқу орталықтарында 2007 жылғы екінші жартыжылдықта «Орхусс конвенциясының нормаларын қолдану мәселелері» таныстыру семинарлары өткізілді. Оқу орталықтарының жұмыс жоспарларында 2008 жылғы бірінші жартыжылдықта судьялардың, қоршаған ортаны қорғау басқармаларының аумақтық бөлімшелері, табиғат қорғау прокуратурасы және экологиялық ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен семинар-кеңестер көзделген.

Жоғарғы Соттың Орталық Азия судьяларының «Экологиялық заңнаманы қолдану проблемалары» халықаралық конференциясын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына (2006 ж.) сәйкес облыстық және оларға теңестірілген соттарға Орхусс конвенциясының ережелерін іске асыру мәселелеріне қатысты құжаттардың көшірмелерімен (2006 жылғы 24 шілдедегі № 3-1-9/2077) нұсқаулық хат жолданған болатын. Осының негізінде соттарға жергілікті соттардың судьялары үшін семинар оқуларын өткізу, қоршаған ортаны қорғаумен байланысты істерді қарастыру жөніндегі сот тәжірибесін жалпылау ұсынылған.

Барлық облыстарда **облыстық соттардың оқу орталықтарының жұмыс жоспарларына 2008 жылға соттарда Конвенция нормаларын қолданумен байланысты істерді қарастырған кезде пайда болатын проблемалы мәселелерді қарастыру жөніндегі сабақтар қосылған.**

2006 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының 2006 жылғы 28 қарашадағы № 253 өкімімен Қазақстан Республикасының **Сот жүйесін зерттеу орталығы құрылған**, оның қызметі сот жүйесін зерттеуді өткізуге және оны жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуге. Оқу-білім беру қызметі шеңберінде орталық судьялар үшін оқу құралына материалдарды дайындауға, экологиялық дауларды қарастыруға маманданатын судьялар үшін семинарларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады (2008 жылғы маусым).

9-баптың кез-келген тармақтарынан ережелерді жүзеге асырған кезде кездескен кез-келген қиындықтарды көрсетіңіздер.

Жауап:

Зерттелген сот істері қатарының материалдары бойынша жұртшылықтың ақпаратқа қол жеткізу жоспарында мына бөгеттердің бар болуы байқалған:

- процессуалдық мерзімдерге ұлттық талаптарға қатысты, азаматтар мен үкіметтік ұйымдардың қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы бұзуда қатысты талап-тілектерін сот тәртібінде қарастыру рәсімінің даулардың күрделілігі, талап-тілек мазмұндары сапасының төмендігі және ҮЕҰ талап-тілектерінің бірізділіксіздігі себебі бойынша ұзақтығы. Істер жағдайының жақсаруына процессуалдық заңнаманы Экологиялық кодекстің 13-бабына және Конвенцияның ережелеріне сәйкес келтіру үлке іс болар еді;

- азаматтардың және үкіметтік емес ұйымдардың жеке өтініштерін соттармен

қарастырмай қалдырулары. Айқын процессуалдық реттеуді жөнге салу үшін қоғамдық ұйымдар туралы заңнаманы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келтіру қажет етіледі.

Қазақстанның азаматтарынан және қоғамдық бірлестіктерінен өтініштері Орхусс конвенциясын сақтау мәселелері жөніндегі комитет Қазақстанға экологиялық даулар бойынша сот әділдігіне қол жеткізу жөніндегі жұртышылық қатысуының неғұрлым айқын рәсімдерін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды ұсынды. Жұмыс жүргізілуде.

9-бапқа сәйкес сот әділдігіне қол жеткізуге қатысты ережелерді практикалық қолдануға қатысты қосымша ақпаратты ұсыныңыздар, мысалға, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріндегі сот әділдігі туралы қандайда бір статистикалық деректер бар ма және сот әділдігіне қол жеткізуге бөгет ететін қаржылық және басқа бөгеттерді жою немесе қысқарту үшін көмек көрсетудің қандай да бір тетіктері бар ма?

Жауап:

Заңнамамен құқықтық статистиканы құрастыру Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және ерекше есеп комитетімен жүзеге асырылуы тиісті екендігі қарастырылған. Әрбір облыс шеңберінде экологиялық қылмыстармен байланысты қылмыстық істер, қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтармен байланысты әкімшілік істер және қоршаған ортаны қорғауға қатысты талап-тілектерді қарастырумен байланысты азаматтық істер бойынша статистикалық деректердің есебі жүргізілуде. Қазіргі уақытта Конвенцияның ережелерін сақтау бойынша мониторинг мүдделеріне жауап беретін статистикалық деректер жөніндегі мәселелер талқылануда.

Сот әділдігіне қол жеткізуге бөгет ететін қаржылық және басқа бөгеттерді жою немесе қысқарту үшін көмек көрсету тек Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы мүмкін, себебі біл бөлікте Конвенцияның ережелері ұсынымдық сипатқа ие.

Егер бар болса тиісті веб-сайттардың адресін көрсетіңіз:

Ұйымдардың атауы	web-сайттың адресі
ҚР Жоғарғы соты	www.supcourt.kz
ҚР Бас прокуратурасы	www.procuror.kz
ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	www.nature.kz
Астанадағы ОБСЕ орталығы	www.osce.org/astana/
Алматыдағы ОБСЕ орталығы	www.osce.org/almaty/

10-22 ұлттық жүзеге асыруға жатпайды.

Конвенция мақсаты қатысында жалпы ескертулер:

Бұл орынды болғанда, қандай жағдайда Конвенцияны жүзеге асыру әрбір қазіргі және болашақ ұрпақ тұлғасында, оның денсаулығы мен әл-ауқатының мүддесіне жауап беретін қоршаған орта жағдайында өмірге құқығына ықпал етеді?

Жауап:

Орхусс Конвенциясы Қазақстанда азаматтардың экологиялық құқығын қамтамасыз

етуге бағытталған конституциялық нормаларды іске асыру қатысында өте маңызды ролді орындайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабындағы 1-тармағыда «мемлекет адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғау мақсатын қояды» делінген. Конвенция жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қолжетімдігін жақсарту, қоршаған ортаға әсер ететін шешімдерді қабылдау кезінде жұртшылық пікірін есепке алу және азаматтар мен ҮЕҰ үшін әр түрлі кәсіпорындармен және мемлекеттік органдармен табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа шағым беру мүмкіндігін жеңілдету қатысында мемлекеттік органдармен қабылдануы тиіс әрекеттер мен шараларды нақтылай отырып аталған конституциялық норманы іске асыру үшін жақсы және кезеңмен дамитын негіз құрады. Қазіргі кезеңде қоғам, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдар, Орхусс конвенциясын Қазақстанда іске асыру үдерісіне белсенді қатысуда. Бұл ұлттық заңнаманың Конвенция ережелерімен сәйкестікке талдауда, Конвенция талаптарын мемлекеттік органдардың қадағалауы мәселесінде және жұртшылықты оның құқықтары жөнінде ақпараттауда белсенді позициясында айқындалады.